


The background of the book cover is a photograph of a wide river or lake. In the foreground, there are tall, green reeds or grasses. The water is dark and reflects the sky. In the distance, a town or village is visible on the horizon under a blue sky with scattered white clouds. A white rectangular box is located in the top left corner of the cover.

С.Ж. ДҮЙСЕН
С.М. МƏЛГАЗДАРОВ

ТАЛАПКЕР АУЫЛЫ:
КЕШЕ ЖƏНЕ БҮГІН

2005 жылғы Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі

Гринвичтен шығысқа қарай



Салдарының қысқарту белгілері
 Мемлекеттік символы
 қызыл
АТҚАНЫС ҚАЛМАҚЫ
 Нұр-Алтын Орда
 Алтын Орда
 Мәдениет
 Облыстар

АСТАНА
 Қызыл және сары
ЕЛДІ МЕКЕНДЕР
 Аумағы 8 1 000 000-нан артық, ұрпағы Сор
 100 000-нан 1 000 000-ға дейін
 Елді мекендері 100 000-нан 500 000-ға дейін
 Аумағы 10 000-нан 50 000-ға дейін
 Елді мекендері 10 000-ға дейін
ШЕКАРАЛЫҚ
 Мемлекет
 Облыстар

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағы және саны (ӘР статистика жөніндегі Агенттіктің мәліметтері бойынша, 2000 ж.)

Құрылған	Аумағы, Халық тығыздығы	Аудандық барлығы	Қалалар саны	Облыстық (Кент) Аудандық			
мың, км ²	1 шақырымға	мың	өлшемдермен	өлшемдермен			
Қазақстан Республикасы	2724,9	190	85	200	7893		
Ақмола облысы	145,2	17	10	2	14	715	
Алматы облысы	350,9	27	12	8	3	469	
Атырау облысы	223,9	19	10	3	15	911	
Батыс Қазақстан облысы	319,1	23	13	6	17	1011	
Шығыс Қазақстан облысы	280,3	9,3	15	10	30	870	
Жамбыл облысы	144,3	8,8	10	4	12	917	
Батыс Қазақстан облысы	151,3	4,0	12	2	4	512	
Қарағанды облысы	478,0	3,2	9	11	39	556	
Қостанай облысы	196,0	5,0	16	5	13	789	
Маңғыстау облысы	100,0	2,0	7	3	12	418	
Павлодар облысы	124,8	6,2	10	3	8	618	
Солтүстік Қазақстан облысы	98,0	7,2	13	8	5	774	
Солтүстік Қазақстан облысы	17,3	17,3	12	8	4	13	933
Түркістан облысы	0,7	0,7	-	1	9	-	
Түркістан облысы	9,3	-	-	1	9	-	

Осы кітаптың
шығарушысы
Тілектес, зрі жазу
деуші болған маған
Нұрсақұлына авторлық
ақтос сөзімен ұсынады
09.08.2011 ж
Сейітқали

ДҮЙСЕН СЕЙІТҚАЛИ ЖАХИЯҰЛЫ
МӘЛГАЗДАРОВ САБЫР МӘЛГАЗДАРУЛЫ

ТАЛАПҚЕР АУЫЛЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Тарихи-танымдық дерек

АСТАНА 2011

УДК 908
ББК 26.89
Д87

Қолжазба Мемлекет тарихы институтының ғылыми кеңесінде бекітіліп (іс №3 11.05.2011 ж. маусым), баспаға ұсынылды

Рецензенттері:

Аяған Б.Ғ. – Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қашқымбаев А.Н. – Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Ғабдуллина А.Ж. – Мемлекет тарихы институты ғылыми кеңесінің ғалым-хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Д87 ДҮЙСЕН С.Ж., МӘЛГАЗДАРОВ С.М.

ТАЛАПКЕР АУЫЛЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН. Тарихи-танымдық дерек. – Астана: «ҰҒТАО» АҚ АФ, 2011. – 110 бет.

ISBN 978-601-7306-00-7

Кітап Ақмола өңіріндегі іргелі елді мекеннің бірі - Талапкер ауылының өткен ғасырдағы құрылуы мен дамуы тарихынан, тұрғындарының рухани-мәдени тұрмысы және осы ауылдан шыққан Ақмола өңіріне танымал адамдары туралы сыр шертеді.

Кітап студенттерге, оқушыларға, сондай Ақмола-Қараөткел өңірінің тарихын білуге құштар оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7306-00-7

УДК 908
ББК 26.89

© Дүйсен С.Ж, Мәлғаздаров С.М., 2011
© «ҰҒТАО» АҚ АФ, 2011

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Ақмола-Қараөткел өңіріндегі Талапкер тарихынан.....	6
Ауылдың құрылу тарихынан.....	12
Ауылдың рухани-мәдени өмірі.....	35
Талапкер мектебінің тарихынан.....	40
Талапкерден түлеп ұшқан.....	46
Қарттарым аман-сау жүрші.....	74
Қазіргі Талапкер.....	82
Қосымшалар:.....	87
1. Талапкер ауылы тұрғындарының тізімі.....	87
2. Ауылдың құрылу тарихына қатысты құжаттар.....	97
3. Ауыл тұрғындары бейнеленген фотосуреттер.....	100

КІРІСПЕ

Дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ. Өмірден адамдар озады. Келер ұрпақ олардың өмірін, істерін жалғастырады. Тұрғын үйлер де, қоғамдық және шаруашылық ғимараттар да тозады, қирайды. Орнына заман талабына сай жаңалары салынады. Өмірде тек адамдар жадында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін естеліктер қалады. Бұл естеліктер қағаз бетіне түсірілсе мәңгілік сақталады.

1997 жылы Қазақстан Республикасы астанасының Алматыдан Ақмолаға қоныс аударуына байланысты, сол кезде қала шетінен 13 шақырым жерде орналасқан бұрынғы «Талапкер» ауылы қазір адам танымастай өзгеруде, жаңа елорданың бір бөлігіне айналууда. Ондаған жылдардан кейін бұл елді мекен толығымен қала кейпіне көшеді. Келер ұрпақ осы аймақтың тарихи «Талапкер» атауын мүмкін сақтап қалар. Сондықтан Талапкер тарихын анық түсіну үшін біз шартты түрде «бұрынғы Талапкер», яғни тәуелсіздік алғанға дейінгі және «қазіргі Талапкер» - деп бөліп қарастырдық және бұрынғы Талапкер тарихын қарастыруға басымдық бердік.

Халқымыз әр қашан жер-су аттарын ел тарихына балап қастерлеп сақтаған ғой. «Талапкер» сөзі және елді мекенге тән атауы кеңестік дәуірде орныққан және кең-байтақ еліміздегі бірнеше елді мекендерге берілген.

Біз бұл тарихи-танымдық кітапты «Талапкер» өңірінің өткеніне қысқаша шолу жасап, шамамыз жеткенінше негізінен кеңес дәуіріндегі ауыл тарихымен, тұрғындарының мәдени-рухани өмірімен, осы ауылда туып өскен колхоз-совхоз, аудан, облыс көлемінде шаруашылық,

мәдениет, ғылым-білім, құқық қорғау саласында басшылық қызметте болған немесе еңбектері облыс, республика көлемінде бағаланып түрлі деңгейдегі марапаттауларға ие болған белгілі ауылдастарымыз туралы сөз етеміз.

Сонымен қатар әр кезеңде осы ауылда еңбек етіп кейін басқа жаққа қоныс аударған ауылдастар есімдерін беруді де назардан тыс қалдырмауға ұмтылдық. Біз білмей ұмыт қалғандары болса кешірім өтінеміз.

Авторлар осы кітап туралы ақыл-кеңестері мен құнды ескертпелері үшін тарихшы ғалымдар Б.Ғ. Аяғанға, А.Н. Қашқымбаевқа, Ж.Н. Қалиевқа ризалықтарын білдіреді.


Сонымен қатар кітапты жазу барысында фотосуреттер, құжаттар беріп, естеліктер айтқан Жолдасбеков Назымбек, Жакудин Ісләм, Қаменов Олжабай, Мөлгаздаров Сабыр, Баймұқанова Асылтас, Сәменбетов Әділхан, Қазбеков Рамазан, Әбеева Сағынбала сияқты ауыл азаматтарына авторлар алғысын білдіреді.

Қазақтың ғұлама ғалымы Ақселеу Сейдімбек өзінің бір сүбелі еңбегін аяқтаған соң «Мен қолымнан келгенін істедім, бұдан да жетілдіре түсетіндер болса, Тәңір жарылқасын» - деп ежелгі латын нақылын жазған екен. Біз де келер ұрпаққа осыны аманат етеміз. Қолымыздан келгенінше атақонысымызға деген аяулы, сағыныш сезімімізді білдіріп, ауыл адамдарының алдындағы бір перзенттік парызымызды өтеуге талпыныс жасадық.

АҚМОЛА-ҚАРАӨТКЕЛ ӨңІРІНДЕГІ ТАЛАПКЕР ТАРИХЫНАН

Талапкер жері ежелгі Ақмола-Қараөткел өңірінің бір бөлшегі. Өзен-көлдерге бай, шөбі шүйгін, қонысқа жайлы бұл жер көне дәуірлерден бастап ежелгі адамдардың құтты мекені болған. Еуразия Ұлттық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Д.Ә. Тәлеев 2002 жылы Астана шаһары маңындағы жерлерді аралап археологиялық шолу жасағанда қазіргі Талапкер ауылы маңындағы «Пәшке түбегі», «Ыбырайым түбегі», «Үлкен өзен» бойындағы көне төмпешіктерден қола дәуірінде жасалған қыш құмыралардың мол сынықтарын көргенін айтады. Соған сүйеніп Талапкер жерінде ежелгі адамдар қола дәуірінде, яғни біздің заманымыздан бұрынғы 2800 – біздің заманымыздан бұрынғы 900 жылдары қоныстанған деп пайымдайды.


Темір дәуірінде бұл жерді сақ тайпаларына жататын аргиппейлер мен исседондар мекен еткен. Кейін ғұн тайпалары қоныстанған.



Бозоқ қаласының орнынан табылған көне заттар

Жазушы, өлкетанушы, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Алдан Смайловтың пайымдауынша құдіреті күшті Ғұн империясының көсемі, жарты әлемге айбынын асырған Еділ (Атилла, 400-453 жж.) патша Ақмоланың жанындағы Тайтөбе дөңесіне қамал салдырған. «Ақмола» атауы сол қорғанның аты. «Ақ» ғұн тілінде – «батыс», «Мола» – «қамал» ұғымын білдірген. «Ақмола» атауы көне ғұн, яғни ежелгі арғын тілінде «Батыстағы қамал» деген мағына береді. Сол замандардан бері Ақмола атауы халық зердесінде сақталып келді. Талапкер жері сол Тайтөбеден таяқ тастам жерде жатқаны белгілі, яғни сол кездегі әскери-стратегиялық қызмет атқарған ғұн қорғанымен іргелес орналасқан.

1253-1255 жылдары француз саяхатшысы В. Рубрук пен итальяндық саяхатшы Марко Поло 1271-1295 жылдары Есіл-Нұра арқылы Моңғолия мен Қытайға барғанда осы өңірді басып өткен. Өйткені олардың жолжазбалары мен жасаған карталарында Есіл, Нұра, Ертіс, Кеңгір, Сарысу өзендері, Қорғалжын мен Балқаш көлдері туралы мәліметтер кездеседі.



Бозоқ қаласының ғалымдар жасаған макеті

VI-XIII ғасырларда Талапкер өңірі Түрік, Батыс Түрік қағандығы мен Қыпшақ хандығына бағынып, бұл жерді қарлұқ, қимақ, қыпшақ тайпалары мекендеген. XIII-XV ғасырларда Алтын Орда, Ақ Орда, Әбілқайыр мемлекеттерінің құрамында болады. 1219-1220 жылдары бұл өңірді моңғолдар басып алып Жошы ұлысының құрамына қосады. Археолог ғалым Кемел Ақышев қазіргі «Илинька» ауылы мен Астана қаласының арасында орналасқан ортағасырлық «Бозоқ» қаласының орнын тапты. Қазір бұл жерде әр жаз сайын Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің студенттері қазба жұмыстарын жүргізуде. Бұл қала X-XI ғасырларда Қыпшақ хандығының жазғы ордасы болғаны дәлелденді. Сонымен қатар Қараөткелге 1381 жылы жорық жолында жүріп Орталық Азияның қаһарлы билеушісі Әмір Темір (1336-1405) де ат шалдырған.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандар оңтүстікке қоныс аударып Қазақ мемлекетінің шаңырағын көтермей тұрғанда Ақмола-Қараөткел жеріне де иелік еткен. Қазақ хандығы кезінде Ақмола-Қараөткел өңірі Орта жүздің құрамында болды. Бұл өңірде арғын, найман, қыпшақ, керей тайпалары көшіп-қонып жүрді. Алдан Смайловтың деректеріне қарағанда Нұра мен Есіл өзендерінің түйісер маңында әз Тәуке (1680-1715) өзінің жазғы ордасын ұстаған.

Ел тарихының бір тармағы-жер-су атаулары. Жер-су атаулары тарихқа, тілге, дәстүр-салтқа, кездейсоқ оқиғаларға байланысты қалыптасады. Ауылдың көнекөз тұрғындарының айтуына қарағанда жоңғар шапқыншылығы заманынан қалған бір жер атауы Талапкерде де бар.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде олардың Орталық Қазақстанға дейін жеткені белгілі.

Талапкер ауылының «Пәшкенің аралы» мен «Пәшке түбегінің» арасында Есіл өзеніне сұғына кіріп жатқан «Ыбырайым түбегі» деген жер бар. Ауылдың шежіреден хабары мол қарт аналарының бірі Айтжан апа осы түбектің атын қазақ-жоңғар соғыстары заманына байланысты қойылған деп пайымдайды. Сол шапқыншылық заманда қазіргі Талапкер жерінде қайратына ақылы сай Досқана деген батыр ғұмыр кешіпті. Бірде 40 жігітпен жоңғарға қарсы аттанып, түнде жоңғар батырының бір табын жылқысын қуып әкетеді. Таң ата қараса қалың жылқының ішінде әбден қалжыраған екі жасөспірім баланы көреді. Олар түнде жылқы күзетіп жүрсе керек. Батыр шалажансар екі баланы Есілдің жағасындағы қонысына әкеліп (қазіргі Талапкер жері) біраз уақыт күтеді. Өзінің үш баласына екі жоңғар баласына баскөз болып көмектесуді тапсырады. Екі жасөспірімнің бірі жоңғар батырының баласы Ерқоныс, екіншісі-Басын байдың жалшысы екен. Кейін бай баласы Досқана батырдан рұқсат алып еліне қайтады да, жалшы Басын өз еркімен қазақ ауылында қалып қояды. Досқана батыр өзіне бала етіп оған Ыбырайым деген қазақша есім қойып, алдына мал, басына үй, қоныс беріп (қазіргі «Ыбырайым түбегі»), яғни енші бөліп жеке отау етіп шығарады. Ыбырайым шаруасына тиянақты болып едәуір дәулетке ие болып, үйленіп бала-шаға өрбітеді. Қараөткел өңірінде оны «Ыбырайым мақы» – деп атаған. Талапкерде 60-шы жылдарға дейін өмір сүрген, осы Ыбырайым әулетінен өрбіген ұста Шәріп деген ақсақал болды. Ал Досқана батырдың әулетінен Рақымшәріп, Оразақ, Жұмағұл,

Жүзбайдың Төлегені, одан Зайым, Көшектің Нұржаны, одан қызы Несібелді, Айтжан және Құдабай, Бақсы, Төкен сияқты талапкерлік азаматтар тараған.

Патшалы Ресейдің отаршылдығы кезінде Ақмола-Қараөткел өңірі басқару жағынан сан өзгеріске түсті. 1824 жылы Омбы ішкі округына қарады. 1830 жылы Есілдің жағасында Ақмола қаласы салынып, 1832 жылы Ақмола сыртқы округы құрылғанда оны аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендин басқарады. 1868 жылы Дала генерал-губернаторлығының құрамында Ақмола облысы, Ақмола уезі құрылып Талапкер жері соның құрамына өтеді. Облыс құрамындағы бес уездің жер көлемі жағынан ең үлкені, шекарасы Көкшетау, Семей, Шу өңірімен түйісетін Ақмола уезі болды. Зерттеуші Л. Берденованың деректеріне қарағанда уездің аумағында негізінен арғын тайпасының қуандық руынан тарайтын алтай, қарпық, беріш, ағыс, қалқаман, темеш, қарауыл, қанжығалы рулары және қыпшақ, керей тайпаларының рулары қоныстанған. Уезге 13661 шаңырақтан құралған 70 ауыл бірікті және ауылдар негізінен нөмірмен белгіленді. Уезд 11 болысқа бөлінді. Талапкер жері Алтай-Қарпық болысына қарады.

1838 жылы күзде Ақмола бекінісін Кенесары Қасымұлы бір аптадай қоршап шабуыл жасағаны белгілі. Кенесары сарбаздары қаланың іргесіндегі қазақ ауылдарына жайғасқаны, азық-түлік, мінуге, көлікке жылқы алғандары белгілі. Сол оқиға кезінде хан Кене қосынының бір бөлігі Талапкер жеріне орналаспауы мүмкін емес.

Ақмола бекінісі салынғаннан бастап Талапкер жерін мекендеген арғын, қыпшақ руларының өмір-тынысы осы қаламен байланысты болады. Тарихи деректерге сүйенсек,

1838 жылы қалада мешіт салынады. Қала іргесіндегі ауылдардың қазақтары ораза-айт кезінде, жұма намазында мешітке келіп тұрған. Мешіт жанында қазақ мектебі ашылып, Қарабек Байбеков деген молда сабақ жүргізеді. Қала іргесіндегі талапкерліктер де бұдан тыс қалмаса керек. Бір ескеретін жәйт, негізінен орыстар мекендеген қала іргесінде орналасса да және бұл өңірге патшалы Ресей мен Кеңес өкіметі Ресейден қаншама халықтарды көшіріп қоныстандырса да Талапкер жерінде славян ұлтының өкілдері тұрақты мекендемеген.

АУЫЛДЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНАН

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап кеңес өкіметі Қазақстанда шаруа шаруашылықтарын ұжымдастыруға, көшпелі қазақ ауылдарын отырықшылдандыруға бағыт алғаны белгілі. Қазақ даласында бұрын болмаған коммуна, артель, жер өңдейтін серіктестіктер (ТОЗ), колхоз, совхоз т.б. ұжымдасып еңбек ететін құрылымдар пайда болады. Бұл жерге сол кезде «Талапкер» атауы берілді. «Талапкер» – «жаңашыл, үміткер» деген мағына береді. Сол кездегі заман ағымына орай шаруа шаруашылықтарының бірлесіп, ұжымдасып жаңаша өмір сүріп, еңбек етуге ұмтылған ниеттерінен туған. Республикамызда елді мекенге қойылған «Талапкер» атауы Алматы облысының Үшарал өңірінде, Қостанай облысының Қостанай және Меңдіқара аудандарында, Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданында кездеседі.



Ақмола ауданындағы «Талапкер» колхозының (ұжым-шар) іргесі 1929 жылы қаланды. Алғашқыда «Тегісшіл» артелі деп аталады. Колхоз құрылғанға дейін «Қараөзек»

«Қарсақ», «Қарашілію», «Қарағыз», «Күшіген» деген қыстауларда ауыл адамдары шамамен 5-10 отбасы болып мекендеген. «Қарашілікте» Хасенов Қойшыбайдың әкесі Смағұл, «Күшігенде» Досаев Молдахметтің әкесі Мұқыш Бәйімбетов, «Қараөзекте» Бәйменов Қалидың әкесі Тәшім, інісі Сәлменмен бірге, «Қарағыз» қыстауында кейін «Ескі ауылда» тұрған Сәуірбай, қазір «Көкталда» тұратын Жанғали Есіркеповтің әкелері, ал «Қарсақта» Жолдасбеков Назымбек, Әлжан, Аужан, Дүбірбай, Оразақ және Төлеген Жүзбаевтың әкесі қоныстанған.

Талапкер колхозының алғашқы басқармасы Целиноград ауданының «Ағанас» ауылының қарт тұрғыны Асайын Тәттібайұлы (1904-1976) болыпты. Ол өзінің естелігінде «1929 жылы «Бесінші ауыл» - деп аталатын Қарашілік, Күшіген деген кішігірім екі ауыл бірігіп «Талапкер» колхозы болып ұйымдастық. Қарашіліктен тоғыз, Күшігеннен жеті үй қосылды. Сол жылы бәріміз ынтымақтасып ортаға бес бие, төрт ат, алты өгіз, екі соқа, төрт арба жинадық. Осыған қатысқандар: Байсанов Көпжасар, Тезекбаев Малғаздар, Смағұлов Қасен, Бәйменов Қали, Сәменбетов Елубай, Қасымов Махмет еді. Бұлардың көпшілігі қазір де сол ауылда тұрады» - деп көрсетеді.

Колхозға мүше болған әрбір үй ортақ іске 4-5 қойдан, бір ірі қара және жылқыдан қосады. Қолда бар арба, ағаш соқа, тырнауыш сияқты еңбек құралдарын да өткізеді. Колхоз ұйымдасқаннан кейін Күлшарипов Ақан, Күлшарипов Имантай, Иманбалин Тапал сияқты азаматтар да мүшелікке өтеді.

Уызбаев Қайыржан, Байсанов Көпжасар, Саманбетов Қайырбек, Иманкин Төлеубай, Сәкеев Әбей, Бергенов

Сатыбалды, Байменов Қали сияқты азаматтар колхоз кезінде ел басқарыпты, яғни сол кездегі қызмет атауы бойынша «басқарма» болған.

Ауыл адамдары қосымша табыс көзі ретінде «Қызылшабра» (Ақмола-Қарталы темір жолының арғы бетінде) - деген жерден үй әктейтін ақбалшық қазып алып оны Ақмола базарына апарып сатып отырған. 30-шы жылдардың аяғында колхозға алғашқы «Фордзон-Путиловец» (американдық Форд компаниясының лицензиясымен Ленинградтың «Красный Путиловец» заводы шығарған трактор – *авт.*), СХТЗ 15/30 (алғашқыда Харьковта, кейін Сталинград трактор заводында жасалған трактор – *авт.*) маркалы тракторлар келеді. Оны ауыл тұрғындары қызыл тумен қарсы алады. Бір-бірден егін шабатын лобогрейка, дән себетін молотилка да беріледі. Жұмаділов Ибазалы, Күлшарипов Бедеш, Бәйімбетов Аманжол. Шортанов Махмет сияқты азаматтар трактор руліне отырады.

20-30-шы жылдары «Талапкер» ауылының өмірінде елеулі із қалдырған азаматтың бірі, ұлытаулық *Әбдісамет Қазақбаев* (1896-1959) болды. Ақмола өңірінің көнекөз қариялары бұл азаматтың Ақмола ауданының өсіп-өркендеуіне сіңірген еңбегін ілтипатпен еске алатын. Ол 20-30 жылдары Ақмола ауданында артель, колхоз құруда ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізген. Осы ауданда ауылдық кеңестің хатшысы, төрағасы, колхоз төрағасы қызметтерін абыроймен атқарады. Қарым-қабілеті мен елге сіңірген еңбегінің арқасында ол 1938-1947 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып қызмет етеді.



ВКП(б) Орталық Комитетінің сол кездегі хатшысы С.М. Киров (1886-1934) 1934 жылы Қазақстанға келген сапарында Талапкер колхозына да арнайы ат басын бұрып шаруашылықпен танысады, колхозшылармен кездеседі. Балағын түріп алып қырманда жұмыс істеп жатқан, басқарма Ә. Қазақбаевтың қайратын көріп «нағыз большевик» - деп сүйсініп, жергілікті басшыларға осындай еңбекқор азаматтарды қызметте өсіру керектігін айтады. Қырманда астық тазалап жатқан 12-14 жастағы қыздар Әуітова Ажар, Темірбекова Зықышты көріп: «Сендер әлі жассындар, сондықтан оқуларың керек», - деп ақыл айтыпты.

Колхоз әкімшілік жағынан «Ағайдар» ауылдық кеңесіне қарады. 1935 жылы орталығы «Талапкер» ауылында орналасқан осы ауылдық кеңеске «Талапкер», «Буденный», «Төңкеріс» колхоздары кірді. «Талапкер» колхозы Ақмола ауданының құрамында орналасты. Ақмола алғашқыда Қа-

рағанды облысының құрамында болып, тек 1939 жылы ғана өз алдына отау тіккені тарихтан белгілі. Сондықтан 1928 жылы құрылған Ақмола ауданы алғашқыда Қарағанды облысының құрамында болды. Аудан орталығы 1949 жылға дейін «Новоишимка» селосында орналасты, кейінірек ауыстырылып тәуелсіздік алғанға дейін Ақмола қаласында орналасты.

Қала іргесіндегі елді мекен болғандықтан «Талапкер» колхозы сол кезде іргелі шаруашылықтың бірі болды. Мұрағат құжаттарына сүйенсек 1939 жылы «Талапкер» ауылында 390 адам есепте тұрған. Оның 177-і еңбекке жарамды. 12-16 жас аралығындағысы 42 адам. Бір азаматы әскерде қызмет еткен. Үй саны 104-ке жеткен. Колхоздағы екі егін бригадасы 1206 гектар жерді өңдеп баптаған. Ауыл еңбеккерлері дәнді дақылдардан бидай, арпа, сұлы өсірген. Сонымен қатар ауыл адамдары 50 гектарға күнбағыс, 7 гектарға картоп, 3 гектарға бау-бақша дақылдарын, 2 гектарға т.б. дақылдар еккен.

Үш мал бригадасы ауылдың төрт түлігін күтіп баптаған. Колхоздың қарамағына үкімет тарапынан 1936 жылы немістің асыл тұқымды екі бас малы және 100 центнер сапалы сұлы тұқым ретінде беріледі.

Сол жылдары Талапкерден еңбек озаттары да шығып аудан, облыс, республика көлеміне танымал болады. Солардың бірі, колхоз құрылғаннан бері үзіліссіз еңбек еткен, товарлы - сүт фермасының сауыншысы Бәйімбетова Бишім еді. Ол колхоз құрылғаннан бері сауыншы болып, 13 сиырды күтіп-баптап, сүтін сауып үкіметке тапсырып отырған. Күніне 78 литр сүт тапсырып, норманы 125 пайыз орындап отырған. Сауыншының еңбегі бағаланып 1935 жылы Алма-

тыда Қазақ КСР-ның құрылғанының 15 жылдығына арналған мерекелік жиынға озат колхозшы ретінде қатысу құрметіне ие болады. Сонымен бірге Бәйімбетова Бишім (Мұқұшев Хамиттың анасы) КСРО-ның жоғары мемлекеттік наградасына да ұсынылады.

1935 жылы Ақмола аудандық Құрмет тақтасына колхоз басқармасы К. Байсанов пен партия ұйымының хатшысы Омаровтың есімдері жазылады. 1936 жылы өткен Ақмола аудандық агротехникалық конференциясына ауылдан басқарма Көпжасар Байсанов, бригадир Әшен Темірбеков және қатардағы озат колхозшылар Жүнісов пен Ідірісов делегат ретінде қатысады. 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен Талапкер ауылының бетке ұстар азаматтары да тыс қалмапты. Тарихи зерттеулерде «Талапкер» партия ұйымы «бригада жұмысын жолға қоя алмады» деген сылтаумен Жүнісовты партиядан шығарып жазалағаны туралы айтылады. Кеңестік заманда коммунистік партия қатарынан шығару деген үлкен жаза болатын, ол азаматтың алдағы өміріне «қара таңба» қойылғанмен бірдей еді.

1936 жылы Досжанов Жұрқабай (Тәйлаштың әйелі Камалдың әкесі) бес жыл бойы колхоздың 66 бас жылқысын, 15 құлынымен бірге шығынсыз, қонды етіп баққаны үшін малшылардың Бүкілодақтық жарысына қатысуға ұсынылады. 1937 жылы шаруашылық жоспарды асыра орындағандары үшін аудандық атқару комитетінің тарапынан талапкерлік колхозшылар Молдабаев 75 рубль, Соқабаев 50 рубль сыйақы алады.

Талапкер ауылы 30-40 жылдары «Г. Маленков» атындағы колхоз құрамында болды. Колхозда үш көшеден тұратын үйлер салынады. 1941 жылдан 1952 жылға дейін кол-

хозды Бәйменов Қали басқарды. 40-50-шы жылдары мектеп оқушысы болған Әбдіреев Қиса ақсақал Қали атаның мерекелік жиналыстарды мектеп оқушыларын шақыртып алып Қазақ КСР-нің әнұранын айтқызып бастайтынын, бұл сол кездегі көреген басшының балаларды елін, туған жерін сүйеге бағыттаған өнегелі ісі болғанын ризалық сезіммен есіне алып отырады. Ал 50 жылдардың басында Талапкер «Рассвет» колхозының №4 бригадасы болып құрылады. (Кейін бұл шаруашылық «Родина», «И.В. Сталин» атындағы колхоздардың жерлерімен бірігіп «Рассвет» совхозына айналады).



Талапкерде ауыл жастарын біріктіретін комсомол ұйымы ерте құрылады. Осы жастар ұйымы жетекшілерінің бірі *Ермекбаев Аязбек* (1915-1995) еді. Ол 40-шы жылдары колхоздағы 50 адамды біріктіретін комсомол ұйымының жетекшісі болады. Аязбек ақсақал 1941 жылы ел азаматтарымен бірге Отан қорғауға аттанады. Алғашқыда құрылыс батальонында көпір салушы, кейін атқыш, мина іздеуші болып фашистерге қарсы соғысады. Тағдырдың жазуымен соғыстан аман оралады. Көп жыл ауылда мал дәрігері

болып еңбек етеді. Кейін дүкенші де болады. Колхоз басшылығы қандай жұмыс тапсырса да абыроймен атқара біледі. «Комсомолға қартаюға болмайды» - деп ақсақал әзілдеп отыратын. Мұғалима жұбайы Әлима Мырзагерқызы (1927-1979) екеуі Рыскен, Бәтима және Дәулет есімді балаларын тәрбиелеп өсірді. Қызы Бәтима мен күйеу баласы Талғаттан туған немересі Гүлстан атасының жолын қуып, ветеринария ғылымының кандидаты болып қазір Ақмола агротехникалық университетінде ұстаздық етуде.

Саманбетов Елубай



(1913-1970)

Саманбетов Елубай (1913-1970) «Талапкер» колхозын алғашқы ұйымдастырушылардың және ауылдың алғашқы мұғалімдерінің бірі болған азамат. Ол кісі 1930 жылдан бастап Талапкерде мұғалім, мектеп меңгерушісі болып еңбек етеді. Соғыс кезінде Қызыл Армияның ішкі әскер

бөлімдерінде әскери борышын өтейді. Қорғаныс зауыттарын, әскери объектілерді күзетеді. Елге оралған соң ұстаздық қызметін одан әрі жалғастырады. Негізгі жұмысымен қатар колхозшылар арасында мемлекеттік облигацияларға жазылу жұмысын да ұйымдастырады. Елге сыйлы, сауатты Елубай Саманбетұлы бірнеше рет Ақмола аудандық кеңесіне депутат болып, қоғамдық жұмысқа белсене қатысатын коммунист-ұстаз ретінде екі рет аудандық партия конференциясына делегат болып сайланады. Жұбайы екеуі Біліс, Күміс, Рауза, Жаңыл, Әділхан, Асылтас есімді балаларын өсіріп тәрбиелейді.

Ұлы Отан соғысы кезінде ауылдан 73 азамат әскерге алынып, солардың 33-і майдан даласында қаза табады немесе хабарсыз кетеді. Иманкин Төлеубай соғысқа пулеметші болып қатысып ерлікпен қаза табады. Елге аман оралғандары бейбіт еңбекке араласады. Солардың бірі Смағұлов Нүрсейіт Жапонияға қарсы ұрыс қимылдарына қатысып бір аяғынан айрылып, елге жарымжан болып оралса да еңбектен қол үзбей өтеді. Саманбетов Елубай, Ермекбеаев Аязбек, Бәйімбетов Аманжол, Жақсыбеков Оразбай жеңімпаз майдангерлер ретінде елге оралып, соғыс ардагерлері ретінде ұзақ жыл құрметке бөленді. Сұрапыл соғыста мерт болған Саржанов Әлсен, Серденов Аман, Әбішев Жакуда, Иманкин Төлеубайдың ұрпақтары іздестіріп олардың жерленген жерлерін тапты. 2009 жылы Ісләм Жакудин Белоруссияда жерленген әкесінің қабіріне барып, дұға оқып, туған жердің бір уыс топырағын салып келді.

*Талапкер ауылының Ұлы Отан соғысында
қаза тапқан боздақтарының тізімі*

- | | |
|----------------------------|--------------------------|
| 1. Әбеев Құрмаш | 18. Күлшәріпов Бөдеш |
| 2. Әбутәліпов Қоңқай | 19. Құлмағанбетов Бекен |
| 3. Әбішев Жакуда | 20. Мұстафин Жұмабек |
| 4. Байсанов Хасен | 21. Мыңбаев Боранбай |
| 5. Балтин Мұқаш | 22. Омаров Рақым |
| 6. Баймағамбетов Бейсембек | 23. Рақымбеков Темірғали |
| 7. Беков Қабыкен | 24. Сарғожин Сатыбалды |
| 8. Дәуленов Жәнібек | 25. Саржанов Әлсен |
| 9. Егінбаев Нұртай | 26. Саржанов Қаспақ |
| 10. Есенаев Серік | 27. Сәкеев Төлеубек |
| 11. Жүзбаев Төлеген | 28. Сәуірбаев Шәріп |
| 12. Иманкин Төлеубай | 29. Сәрденов Аман |
| 13. Қалмағанбетов Көшеген | 30. Темірбеков Қабылбек |
| 14. Қойшыбаев Дәулетбек | 31. Темірбеков Мұхамедия |
| 15. Көшекөв Қали | 32. Туғанбаев Боранбай |
| 16. Көшекөв Нұрыш | 33. Өтегенов Қали |
| 17. Қуанышбаев Жолдыбай | |

*Талапкер ауылының Ұлы Отан соғысына қатысып
елге оралған майдангерлері*

1. Абдрахманов Рақымберді
2. Әбеев Жақсылық (Сағынбаланың атасы)
3. Әбиғожин Әлім (Өнәстің әкесі)
4. Әбішев Қамен (Олжабайдың әкесі)
5. Әбуталипов Төлеген (Айтқожаның әкесі)
6. Алпысбеков Ахмет
7. Бәйімбетов Аманжол

8. Бәйменов Қали (Мәди)
9. Баймұқанов Шотан (Асылтастың әкесі)
10. Ержанов Әбдірай
11. Ермекбаев Аязбек (Ботақанның әкесі)
12. Есенбеков Ахмедия (Қуаныштың әкесі)
13. Ахметжанов Кәртай
14. Жақсыбаев Оразбай (Дәулеттің әкесі)
15. Жұмабаев Жақия
16. Жұмабаев Қанапия
17. Жұмаділов Оразкелді (Бергеннің әкесі)
18. Исабаев Сақия (Назымның нағашысы)
19. Құлмағамбетов Ақан (Тоқтардың әкесі)
20. Күлшарипов Имантай
21. Көмеков Ақан (Бәтөннің әкесі)
22. Саманбетов Елубай
23. Саманбетов Қайырбек
24. Саманбетов Тұқи
25. Смағұлов Нүрсейіт
26. Смағұлов Қасен (Қойшыбайдың әкесі)
27. Темірбеков Ахмедия
28. Өтегенов Төпек (Кәрбайдың әкесі)
29. Сукебаев Жақан (Дикаш, Гүлстанның әкелері)

Кеңес өкіметі жылдарында тұтас бір халықтар - «сенімсіз, сатқын ұлттар» қатарына жатқызылып, тарихи атамекендерінен күштеп жер аударылғаны белгілі. Талапкерге 1943-1944 жылдары Кавказдан шешендерді, Украинаның Полтава облысынан немістерді көшіріп әкеледі. Ауыл адамдары оларға үйлерінің бір бөліктерін, киім, тамақтарын беріп, қазақы ауыл жағдайында жұмыс істеудің

жағдайларын үйретті. Ауылдың үлкендері Дада, Жәби, Абу сияқты шешен, Эльза Ивановна, Ганцгорн Эмма сияқты неміс ұлтының өкілдерін әлі күнге дейін естеріне алып отырады. Күштеп қоныс аударылғандар ауыл тұрғындарын сәбіз, қарбыз, картоп, қияр егуге үйретеді.

Соғыстан кейінгі жылдары айналасындағы колхоздарды шөп шабу, егін ору науқандары кезінде ауылшаруашылық техникасымен «Бозайғыр машина-трактор станциясы» (МТС) қамтамасыз етіп отырды. 30-40 жылдары колхоздар меншігінде тракторлар өте аз және оны жөндейтін шеберханалар болмайтын.

Талапкердің қариялары ауылға «Бозайғыр машина-трактор станциясынан» шынжыр табанды тракторын ұрлап әкелген Биболат деген азаматтың «ерлігін» әлі күнге дейін еске алып отырады. Трактор жүргізуге үйретуге жіберілген екі-үш адамның бірі болып барған Биболат елге көп пайдасы тиетін техника екенін көрген соң, бір тракторды мініп ауылға алып кетеді. Ауылдың егіс бригадасының бригадирі Шортанов Махмет және басқа ел азаматтары бас болып Биболатты соттан әзер дегенде аман алып қалады. Ауылдан соғыстан кейін шыққан тракторшылар осы Биболат, Темірбеков Әшен, Есілбай, Жакудин Ислам, Бәйімбетов Аманжол, Баймұқанов Шотан т.б. азаматтар болды. Олар сол кездегі СХТЗ-НАТИ, ДТ-54 сияқты, қазір мұражайдан ғана табылатын немесе кинодан көретін тракторлардың тілін меңгереді. 50-шы жылдары ауылда бір «Универсал У-2», (Владимир трактор заводында жасалған - авт.), екі СХТЗ-НАТИ тракторлары болды. Ауыл ұстаханасында темір-терсекті жамап-жасқайтын Жұмаділов Оразкелді еңбек етті.

1954 жылы тың игеру кезінде ауылға Белоруссиядан бір топ тыңгерлер келеді. Тыңға байланысты ауылда астық қоймасы, автогараж, май шайқайтын цех салынады. Тыңгерлерге арнап ауылдан барак типті үй тұрғызылады. Бірақ тың жерді игеру жұмыстары ауылда күткен нәтиже бермеді. Ойланбай жыртылған ауыл іргесіндегі «Қоңыр» деп аталатын жер егін егуге жарамсыз болып қалады.

Кеңес өкіметі 50-шы жылдары ұсақ колхоздарды біріктіріп совхоздарға айналдырғаны белгілі. Соның әсерімен Талапкер ауылы 1960 жылы «Киров» атындағы кеңшардың №3 бөлімшесіне айналады. Бөлімше меңгерушісі болып Назымбек Жолдасбеков тағайындалады. Ол кісі ауылды 1960-1975 жылдары басқарды. Колхоздан совхозға (кеңшарға) айналу ауыл өміріне оң өзгерістер әкелді. Егіс көлемі 3 мың гектарға жетті. 1 мың мүйізді ірі қара, 30 жылқы болды. 8 ДТ-75, МТЗ-50 және бір К-700 тракторлары болды. 3 егін оратын комбайн, 3 автомашина ауыл еңбеккерлерінің қолында болды. 100 астам тұрғын үй болды. Монша, клуб үйі, екі қабатты 3 тұрғын үй, жаңа мектеп үйі, жылыту қазандығы, дүкен салынды. Дәрігерлік пункт, кітапхана, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, хабарсыз кеткен талапкерлік боздақтарға арналған ескерткіш ашылды. Ал 1975-1997 жылдары Сабыр Мөлгаздаров бөлімше меңгерушісі қызметін атқарады, кеңшар тараған кезде ол «Талапкер» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) құрып, нарық талабына сай ауыл тірлігін жалғастырды.

Ауылдың сол жылдары бөлшектеніп кетпей тұтасығын сақтап қалуына сол кезде облыс көлемінде жауапты қызмет атқарған Молдахмет Досаевтың ықпалы да болады.

Ауыл ақсақалы Сабыр Малгаздаров ауылдың совхозға айналған кезіндегі өмір-тұрмысын, дамуын былай деп еске алады.

«Алғашқы қосылған кезде ауылға қиын болды, өйткені басшылар өзге ұлт өкілдерінен болып, басшылар тарапынан қолдау аз көрсетілді. Совхоз жүйесіне үйрене алмай жүргендіктен, басқармаға лайық адам ортамыздан табылмай С.С. Ведутов, А.М. Зеленский, Ахан Оспанов деген кісілер басшылық етті. Ол кісілер де басқару ісіне шала сауатты болғандықтан, 1960 жылы Назымбек Жолдасбаевты қолдап, ол кезде «Рассвет» колхозында бухгалтер болатын, соны ауыл болып алдырып ортамыздан басқарма қойдық. Міне, содан кейін тұрмыс түзеле бастады. Ол кісіні ауыл еңбеккерлері тыңдады, ауылға мал әкелінді, техника берілді, егін егілді, шөп шабылды. 1964-1965 жылдары совхоздың төрт мал қорасы салынып бітті, түгел механизацияланды, қолмен істейтін жұмыстар малдың жем-шөбі, қиын шығару, суару бәрі ток күшімен атқарылды. 1963-1964 жылдары ауылға 10-15 семья беларустар келді, ондағы мақсат ауылды орыстандыру еді, бірақ олар көп тұрақтамады, 2-3 жылдан кейін орталыққа, орыстары көп бөлімшелерге көшіп кетті. Бұл жерде тағы бір айта кететін жағдай, алғашқы 1961-1962 жылдары колхоз совхозға айналған кезде ауылдың біраз тұрғындары қырға (Қорғалжын-Теңіз аудандарын ол кезде талапкерліктер «қыр елі» деп атайтын - *авт.*) «Талдысай», «Соналы» деген жерлерге көше бастады. Оның себебі, біріншіден, совхоз жүйесіне үйренбегеніміз қиын болды. Екіншіден, ол кезде КПСС Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Н.С. Хрущевтың заңы шықты, ауылдық жерде бір отбасыға 1 сиыр,

5 қой, 1 жылқы ғана ұстауға, артығын үкіметке тапсырсын деген. Үшіншіден, мал ұстайтындар қырға көшсін, подъемный береміз, үй береміз, мал береміз деген заң тағы бар, соны пайдаланып туған ауылдарын тастап қырға 15-20 отбасы көшіп кетті. Олар: Шортанов Махмет, Идрисов Қисық бастаған, Ашмұхан, Рахымшәріп, Боранбай, Әлім, Ахмет, Есілбай ақсақалдар еді. Ауылға келген белорустар босаған үйлерге тұрмақшы екен. Осы ауылға орналасып үкіметтен жәрдемақы алып, үй алу мақсаттары болыпты, бірақ, ол ойлары жүзеге аспай, ақырындап, басқа жерлерге көшті.

Осы кезде 1962 жылдары проф.тех.училище (СПТУ-47) Бозайғырда да ашылып, ауылдан 5-6 бала, мен, Сайын, Сапарбек, Тұрлыбек, Балтабай мектептен кейін бір жылдық оқуға барып, «механизатор широкого профиля» деген мамандықты бітіріп шықтық. 1963 жылдары бәріміз бітіріп келіп шөп шаптық, егін ектік. Мен өзім арасында, қысты күні шоферлік курсты қаладан оқып бітіріп алдым. Сөйтіп 1964 жылы қарашаның 9-ында әскерге алындық. 1967 жылы аман-есен азаматтық борышымды атқарып, үйге оралдым. 1967-1970 жылдары шофер болып ауылда жұмыс істедім. 1967 жылы Новоишимкадағы ауыл шаруашылық техникумына түсіп, «зоотехнику» маманы бойынша білімді жалғастырдым. 1971 жылдан бастап зоотехник болдым. 1975 жылдың сәуір айынан бастап «Киров» совхозының №3-Талапкер бөлімшесінің басшысы болып тағайындалдым. Міне, 1975 тен 1997 жылға дейін, 22 жыл бөлімшені басқардым. Осы жылдар менің өмірімнің ауылым үшін көп еңбек істеген кезім. «Отызында орда бұзбасаң, қырқында қамал алмайсың» деген ата-бабамыздың қағидасы бар. Мен

сол 30 жасымда ел басқардым, қиындықты да, жақсылықты да бастан кештім. Ол кезде 3- екі этаж үйде 28 семья тұратын, мектеп, магазин, клуб, контор суық болатын, пешті өздері жағатын. Біріншіден, осы шаруадан бастап үлкен котельный үш пешті салдырттым. Аталған ғимараттардың бәріне жылу жүйесін тартып бердік, бұл 1976-1977 жылдары іске қосылды. Екіншіден, мал фермаларын қолға алып оларға күрделі жөндеу жүргіздік, электродойка орнаттық, бұрын қолмен сауатын, санпропускник салып тазалық сақтауды реттедік. Мал фермаларының айналасын түгел қоршаттық, малдың қиын белгілі жерге апарып күнде төгіп тұрдық. Ферманың маңайына тазалық істедік. Үшіншіден, үкіметтің тегін құрылыс материалдарымен (хоз-способ дейтін) үй сала бастадық, үйге зәру малшыларға, механизаторларға, сауыншыларға баспана бердік. Алғашқы 6 семьялық үйді договормен бетоннан совхоз арқылы қаланың строймонтаж бөлімі салды, оған маңдай алды еңбеккерлер Сейітқамзе, Темірке, Күлшат, Сәкен, Мұхаметжандар кіріп алғашқы қоныс тойын тойлады. Осылай әр жыл сайын 2-3 үй салынып, 10 жаңа үй тұрғызылды. (Ол үйлерге Сабыр, Естай, Назым, Зықыш, Амантай, Ғабиден, Мүгілсім, Төлеу, Қуаныш, Зайым кірді). Соңғы салынған үйлерге Сахан, Сағындық, Шөкім, Берген, Ахметтер отбасымен кірді. Тозығы жеткен ескі барақта 12-семья тұратын, өзімнің инициативімен, оны совхоз директоры қолдап, 8 семьяға қайтадан түгел бұзып істеттім (шешендердің құрылыс бригадасына). Осы үйлерге тек қана сауыншылар, механизаторлар, малшылар кірді. Сонымен қатар тозығы жеткен, колхоз уақытында салған үйлерде

отырған кісілер кірді. Осылай бөлімшенің тұрмысы да, жұмысы да жақсара бастады.

Әрине, айта кету керек осының барлығы менің бастауыммен, ауыл тұрғындарының, механизаторлардың арқасы еді. Мысалға, сол кезде жақсы еңбегімен көзге көрінген механизатор: Қойшыбаев Мұхаметқали уборка уақытында бригаданың жарты егістік жерін бір өзі алатын. Қазбеков Елубай, Жанпейісов Төребай, Байсанов Тайлаш, Жакудин Ислям жүгері звеносында еңбек етіп еңбекте үздік болатын. Шөп шабуда Саржанов Төлеу, Мукушев Қадыржан, Қанапин Сағындық, Малғаздаров Естай, Төлегенов Зайым, Нүркеев Серік шөп дайындауда совхоз бойынша 1-ші орынды бермейтін. Әлсенов Амантай басқаратын бригада үнемі алда болды. Сейтмағамбетов Ботай тәжірибелі механик болды. Сол кезде бөлімшенің орта буын мамандары сайдың тасындай іріктелген еді. Осылардың арқасында бөлімше жұмысы, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы өз орнында болды, жақсы жұмыс атқарылды. Олар: зоотехник Сакеев Сейтқамзе, веттехник Байсанов Серік, бригадирлар Қанапин Ыбырай, Хасенов Баухан, Баймағамбетов Сәрсекей, Жақсылықов Жеңіс, механик Сейтмағамбетов Ботай, бригадир Әлсенов Амантай. Бухгалтер, түгел есеп-қисапты жүргізетін Жолдасбаев Назымбек ақсақал еді. Шоферлеріміз күні-түні ауылға жұмыскерлерге қызмет көрсететін. Олар Өтегенов Кәрібай, Дүбірбаев Төлеухан, Әбеев Хасен, Сейтмағамбетов Тотай молоковоз кейіннен Малғаздаров Серік, Нүркеев Әбу, Өтегенов Болат обслугада әкесінің орнына болды. Сол кезде соғыс ардагерлері де жастары егде тартса да, жұмыстан қалмайтын, шөп уақытында, егін уақытын да көмектесетін. Олар-

Жұмаділов Оразгелді, Жолдыбаев Әкпаш, Күлшарипов Имантай, Ахметжанов Армия, Баймұқанов Шотан бертін келгенше механизатор болды. Аға буын өкілдерінің ерен еңбегін айта кеткім келеді, ешқашан жұмыстан шаршап-шалдықпай, қажымай-талмай еңбек ететін. Осы кісілерден кейін ауылы үшін еңбегін сіңірген кейінгі жастардың да еңбегі зор, олар: шөп шабуда Әлсенов Азамат, Малгаздаров Серікбай, Жанпейісов Қаппас, Далиев Қадырхан, Боранбаев Қуандық, Ахметжанов Талғат, Жағыпаров, Ахат, Саржанов Еркебұлан т.б»

Осы арада айта кеткеніміз жөн, Талапкер ауылы құрамында болған «Киров» атындағы кеңшардың іргесі 1929 жылы қаланған болатын. Алғашқыда Сталин-Магнитогорск теміржолы құрылысын жұмыспен жабдықтау бөлімінің «№1-ші совхозы» - деп аталған. Кейін Кеңес елінің көрнекті қайраткерінің бірі С.М. Кировтың есімі беріледі. 1960 және 1963 жылдары «Рассвет» колхозы және Ақмола мал бордақылау совхозы жерлерін қосу есебінен бұл совхоздың жер көлемі ұлғайтылады. Шаруашылығының негізгі бағыты ет-сүт өндіру болып белгіленеді. Кеңшардың орталығы «Киров» селосы сол кезде қаладан жеті шақырым жерде орналасты. Селоның негізін 1912 жылы ақмоланың көпесі Кубрин қалаған екен. Кезінде бұл жер көпестің саяжайы қызметін атқарады.

Талапкер негізінен осы совхоздың товарлы-сүт бөлімшесі болып саналды. Үш ескі және кейін үш жаңа баздарда сауын сиырлар бағылды. Алғашқыда ескі мал баздарының жағдайын совхоздың орталығындағы электр жарығы бар, барлық жұмыстар ток күшімен атқарылатын мал фермаларымен салыстыруға келмейтін еді. Ескі баздар әсіресе

ауылдан жырақ орналасқан «Сиыр базы» «Қой базы» қоныстарында электр жарығы болмады. Сауыншы әйелдер жазда арбмен, қыста шанамен жұмысқа баратын. Мал қоралары тар, аласа, әрі қыста суық болатын. Жем-шөп беру, суару, сиырларды сауу бәрі әйелдердің мойнында болатын. Бірде Талапкер бөлімшесінің басшыларын үкіметке сүтті аз тапсырасындар, жоспар орындалмайды, әр сиырдан ешкінің сүтіндей ғана сүт сауасындар. Ал совхоз орталығындағылар 15-20 литр сауады деп кінә тағып совхоздың партия ұйымының жиналысына салады. Сонда ферма меңгерушісі Баймағанбетов Сәрсекей ауыл базын, совхоз орталығындағы кең, жарық, әрі жылы, бәрі механикаландырылған баздармен салыстыруға келмейтінін айтып, жаман орысшасымен былай деп жауап беріпті. «Уважаемый директор! Баз темный. Все доярки беременны. Как зайдеш, лоб забьешь. Откуда будет молоко?». Сөз тапқанға қолқа жоқ дегендей жағдайды түсінген басшылар талапкерліктерді жазаламаған екен.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары Талапкер ауылы «Киров» атындағы кеңшардың бір бөлімшесі болса да жер аумағы бір кеңшардың жеріне тең болды. Бір шеті Киров атындағы кеңшардың орталығына тиесілі жермен (жергілікті халық оны сол кезде «Көктал» деп атайтын), екінші шеті іргелес 96-шы темір жол разъезімен, солтүстігінде «Воздвиженский» және «Буденный» ауылымен, одан әрі «Рассвет» совхозымен, солтүстік-шығысында Ақмола-Қарталы темір жолының арғы бетіндегі жерлері Шортанды ауданына қарасты «С. Сейфуллин» атындағы кеңшармен (жергілікті халық оны сол кезде «Бозайғыр» деп атайтын) шектесіп жатты.

Кейін «С. Сейфуллин» атындағы кеңшар аталған «Бозайғыр» ауылы Ақмоладан 35 шақырым жерде орналасқан. Патшалық Ресейге бағынған дәуірде ауылды «Елизаветенка» деп атаған. Селоны 1890 жылы «Бозайғыр» көлінің жағасында орыс қоныс аударушылары тұрғызған. Мұнда 50-шы жылдары ауылдық кәсіптік техникалық училище (СПТУ) ашылады. Талапкердің біраз механизаторлары осында оқып мамандық алған.

«Воздвиженский» кеңшары 1961 жылы «Дружба» және «Передовой» колхоздарын біріктіру негізінде құрылған болатын. Талапкер өңірінің адамдары ол ауылды «Жәмәли» деп атайтын. Тарихи деректерде бұл жерге ХІХ ғасырда Ресейден бір топ татарлар келіп қоныстанғаны айтылады. Кейінірек орыс мұжықтары көптеп келіп шошқа өсірген соң мұсылман татарлар ығысып Ақмолаға қоныс аударады. Бірақ татарлардан қалған «Жәмәли» аты сақталған.

Талапкердің ұлан-байтақ жерінің әрбір бөлігінің өзіне тән атаулары болды. «Көкталдан» бері қарай Есіл өзенінің сағаларында «Қой базы», «Сиыр базы» деген қыстаулары, олармен жалғас «Кенарал», «Тілмәш», «Жоламан», «Ыбырайым түбегі» деген шабындық жерлері болды. Зираттың жанында ауыл адамдары «Пәшке түбегі» деп атаған шабындық болды. Осы түбектің жанындағы өзен сағалары қоршаған шағын аралда 50-60 жылдары Павел деген орыс шалы баларымен балық аулап кәсіп еткен. Ауыл қазақтары өз тілдеріне бейімдеп Пашка деген орыс есімін «Пәшкеге» айналдырған. Аралға әр сенбі-жексенбі сайын Ақмоладан балық аулап демалуға орыстар жиі келіп жататын.

Есіл өзенінің сол түбектің тұсындағы бір бөлігінің суы саяз, шомылуға қолайлы, асты құмдақ болатын. Ауыл ба-

лалары ол жерді «Құмқайрақ» деп атайтын. Ол жерге өзеннің арғы бетінде орналасқан «Воздвиженский» кеңшарының орыс балалары да суға түсуге келіп, екі ауылдың балалары «Құмқайрақты» бөлісе алмай кейде шекісіп те қалатын.

50-60-шы жылдардағы ауыл балалары еңбекке ерте араласатын. 60-шы жылдары 6-8 сынып оқитын ер балалар жазда «ДТ-54» тракторына тіркелетін шөп шабатын машиналарға отырып шөп дайындауға қатысатын. Сонымен қатар жүгері шапқанда трактор тіркемелерінің үстіне шығып жайып тұратын. Сөйтіп жазғы демалыс кезінде аздаған ақша тауып әке-шешелеріне көмегін тигізетін.

Зираттың «Жаңа ауыл» жақ бетіндегі жерлер «Қоңыр» аталатын. 50-60 жылдары жазда шабылған шөптер үлкен шөмелелер етіп үйіліп қойылып, қыста мұз қатқан соң ауылдағы баздарға тракторлармен сүйретіп әкелінетін. Шынжыр табанды екі трактор темір троспен шөмелені «белінен буып» сүйреп жеткізетін.

Көктемде Есіл өзені тасығанда «Қоңырға» су жайылып екі ауылдың іргесіне дейін жететін. Ауыл балалары тасыған сумен келген қамыстың тәтті тамырын («майқоға» дейтін) жеп маз болатын. Қар қалың түсіп өзен қатты тасыған жылдары «Воздвиженка» мен Талапкердің, «Ескі ауыл» мен «Жаңа ауылдың» арасына су жайылып қатынас қиындайтын. «Ескі ауылдың» балаларын «Жаңа ауылдағы» мектепке атпен, арбамен жеткізетін.

Тасқын суға байланысты бір оқиға ауыл адамдарының әлі есінде. 60-шы жылдардың басында «Воздвиженкаға» азық-түлік апара жатқан бір моторлы қайық аударылып

ондаған шөлмек арақ ауыл іргесіне қалқып жетіп бірнеше ауыл адамдарын «олжаға» кенелткен.

«Ескі ауылдың» арғы жағында «Ахмет аралы» деген жайылым болды. «Буденный» ауылы мен екі ортада да үлкен жайылым орналасты. Ақмола-Петропавл автомобиль жолының «Буденный» ауылына барар жолында шағын көпір бар. Сол маңда «Сәкі сайы» деген бөгет болған. Қазір бұл жерде ауыл мешіті салынған. Колхоз басқармасы болған Әбейдің әкесі Сәкі 20-шы жылдары ауылды көктемгі өзен тасуы мен еріген қар суынан қорғау, екінші жағынан ауыл маңындағы «Жаманшілік» деп аталатын шабындыққа су жайылуын қамтамасыз ету үшін ауыл адамдарының көмегімен тұрғызған екен.

Таза қазақ ауылы болса да кеңестік заманда Талапкермен іргелес осы мекенге кеңестік маршал С.М. Буденныйдың аты берілген. Бұл ауыл қазақтың әлем таныған әйгілі палуаны Мұқан (Қажымұқан) Мұңайтпасұлының (1871, кейбір деректерде 1883-1948) туған жері. Кеңестік заманда бұл әйгілі тұлғаға «Қазақ даласының батыры» атағы берілген. Тәуелсіздік алғаннан кейін ауылға палуанның есімі берілді. Өлкетанушы Мұрат Керейбаевтың деректеріне қарағанда Қажымұқан атамыз 1930, 1934, 1936 жылдары Буденный (Құрама) ауылына келіп кеткен. Арасы 5-6 шақырым ғана Талапкер ауылының адамдары әйгілі палуанды көруге баратындары анық. Талапкер ауылындағы Дүбірбай ақсақалдың Алмат деген қызы Шымкентте тұратын палуанның Бибігүл атты әйелінен 1948 жылы туған Жәнәбіл деген баласына тұрмысқа шыққан еді. 60-шы жылдары Жәнәбіл мен Алмат Талапкерге бірнеше рет келген де еді. Дүбірбай ақсақалдың Бәдігүл деген үлкен

қызы 60-80 жылдары Целиноград ауданының бірнеше елді мекенінде ауылдық кеңестің төрайымы болып еңбек етті.

Ауыл іргесімен 50 жылдары салынған, Целиноградтан Петропавлға (Қызылжар) дейін созылатын асфальт төселген автомобиль жолы өтеді. Осы жолдың арғы бетінде «Жарық», «Жаманшілік», «Күшіген» деген ауылдың шабындық жерлері орналасты. Одан әрі 1940 жылы салынған Қазақстанды Ресейдің Орал өңірімен жалғастырған Ақмола-Қарталы темір жолы өтеді. Сол темір жолдың арғы бетінде Талапкердің «Егінтомар», «Қарашілік», «Қызылшабра», «Айдарлы» сияқты жайлымдары жатты. Бұл жайлымдар 38-ші темір жол разъезімен және Шортанды ауданының С. Сейфуллин атындағы кеңшардың жерлерімен шектесті.

50 жылдардың аяғы мен 60 жылдардың басында Қорғалжын ауданына (ол кезде Теңіз, Краснознамен бәрі Қорғалжын ауданының құрамында болатын) баратын автобустар кейде Талапкерді кесіп өтетін автомобиль жолымен жүретін. Жаздың ыстық күндерінде ауылдың әжелері мен келіншектері автобус жолаушыларына қымыз, айран сата-тын. Ол кезде негізінен ауылдың әйелдері сүт өнімдерін Ақмоланың базарына апарып сатып, күнкөрістерін айыратын еді.

АУЫЛДЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ ӨМІРІ



Талапкер ауылы артель, колхоз болып құрылғаннан бастап жаңа өмірге бет бұра бастайды. 20-30 жылдары қазақ ауылдарында кеңес өкіметінің саясатын түсіндіретін, ағарту жұмыстарымен айналысатын «қызыл отау», «қызыл бұрыш» - деп аталатын шағын орталықтар құрылады. Бұл кейінгі клуб, мәдениет үйлерінің қызметін атқарды. Халықтың сауатын ашатын курстар ашыла бастайды. Сол кездегі құжат деректеріне сүйенсек ересек адамдарға хат танытатын, саяси сауатын жетілдіретін «оқу-үйлерін» аудандық атқару комитеті мұқият бақылауда ұстаған. 1935 жылы Ақмола аудандық атқару комитеті Талапкерде «қызыл бұрыштың» қажетіне арнап радиоқабылдағыш, музыкалық аспаптар, шахмат, дойбы, кітаптар сатып алу үшін 400 рубль ақша бөлу қажеттігін көрсеткен.

Ауыл жастарының жұмыстан бос сәтте өздеріне тән көңіл көтерулері болатын. 50-шы жылдардың бозбалалары мен қыздары қазақтың «жүзік салу», «алтыбақан» және

шамасы орыс ұлтынан үйренген болар «мәтке» деген ойынын ойнайтын. 50-60-шы жылдары Сабыр Мәлғаздаров бастаған өнерпаз жігіттер мен қыз-келіншектер өз күштерімен мемлекеттік мейрамдарға орай ауыл адамдары үшін шағын концерттер ұйымдастыратын.

60-шы жылдары ауыл балаларының көбі спорттық ойындарға әуес болды. Кішкентай балалар асық, топай, ләңгі (өздері «зоска» дейтін), қыста қарға шаншылатын істік ойнайтын. Ескі ауылдың іргесінде «Үлкен өзен», «Қарасу» деген суға шомылатын жерлер болды. Ауыл балаларының бәрі Есілдің жағасында өскендіктен малту үйренді. Жазда Есіл өзенінде суға түсіп жүзуден, сүңгуден өзара жарысатын. 60 жылдардағы «Қос мекенді адам» («Человек-амфибия») көркем фильміндегі «балық-адам» - Ихтиандрдың бейнесі балалардың суда жақсы сүңгуіне көп әсерін тигізді.

60-шы жылдары ауыл жастарының бір жиналатын жері ауылдық клуб болатын. Онда шағын бильярд столы болды. Ол кезде ауылда қазіргідей бильярдтың сүйек шарлары жоқ, сондықтан үлкен подшипниктің темір шарларын қолданатын. Бильярд ойнауға кейде жастар түгелі, 30-40-қа келген ағалар де кірісіп кететін.

Әлсенев Төлеу, Әлмұқанов Ботай, Мәлғаздаров Сабыр, Сағындықов Жеңіс, Бәйменов Уалихан сияқты сол кездегі жас жігіттер ауыл балаларын футбол ойнауға баулыды. 60 жылдары ауыл балалары арасында футбол ойнауға деген құлшыныс болды. Оған әсер еткен сол кездегі КСРО-да аты шыққан «Қайрат» футбол командасы мен оның әйгілі ойыншысы, қазақ футболының аңызына айналған Тимур Сегізбаев туралы ақпараттар деуге болады. Ауыл балалары

«Қайрат» пен оның ойыншысы Т. Сегізбаевтың әрбір ойыны туралы хабарларды асыға күтіп, оған өздерінше «талдау» жасайтын. Көршілес «Буденный» ауылының балаларымен футболдан жолдастық кездесулер өткізетін. Жоғарыда аты аталған жігіттер Целиноградта өтетін футбол ойындарына балаларды жиі бастап апаратын. Олар сол кездегі қаладағы «Целинник» футбол командасының кездесулерін құр жібермей жанкүйерлер ретінде қатысуға тырысатын. Командадағы жалғыз қазақ ойыншысы Мишка Кенетаев есімі ауыл балаларының аузынан түспейтін. Доп қуған балалар өздерін солардың рөлінде көретін. 1968-1969 жылдары ауылда еркін күрес секциясы да жұмыс істеді. Целиноградта оқып жаттықан, 1-ші разрядты палуан Мейрам Байсанов ауыл балаларын клубта жаттықтырып қаладағы күрес секциясының балаларымен бірнеше рет кездесулер де ұйымдастырды.

Талапкерге аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Әбдіреев Қисаның жетекшілігімен Қорғалжын халық театрының әртістері де келіп өнер көрсетіп тұратын. Ауыл адамдары әсіресе қорғалжындық өнерпаз Қалимұса Құсайыновтың және оның өнерлі отбасына риза болатын.

60-шы жылдары ауылда тұрақты киноқондырғы болмайтын. Совхоз орталығынан Роман есімді киномеханик автомашинасымен аптасына бірнеше рет келіп клубта көркем фильмдер көрсететін. Романның әрбір келуі ауыл балалары үшін қуаныш еді. Сол кездегі үндінің «Любовь в Кашмире», «Любовь в Симле», «Цветок и камень», «Господин - 420» сияқты фильмдері ауыл тұрғындарының қызыға көретін кинолараына айналды. Қыздар жағы үнді фильміндегі «Вичиг дана, вичиг дана. Дана упер дана» деп

келетін әнінен үзіндіні жаттап алып ыңылдап айтып жүретін. Ересектерге арналған бұл киноларға балаларды кіргізбейтіндіктен кішкентай балалар амалын тауып ұрланып кіретін.

Өткен ғасырдың 80-90 жылдары Баймұқанова Асылтас ауылдық клубтың меңгерушісі, Саманбетова Күміс кітапханашы болып еңбек еткенде өздерінің тың ойларымен, жаңа бастамаларымен ауылдың рухани-мәдени өміріне жаңа леп әкелді. Талапкер ауылының ақ жаулықты әжелері Бөгенбай батырдың 300 жылдық тойын өткізуге қатысты. Сол жылдары ұзақ жыл еңбек етіп зейнет жасына толған



азаматтарды арнайы ауыл клубына шақырып, бөлімше, совхоз басшылары, ауылдас-тары құттықтап, алғыс хаттар, ескерткіш сыйлықтар тапсырып отырды. Олардың құрметіне ауыл жастары мен мектеп оқушыла-

ры шағын концерттік бағдарламалар ұсынды.

Әскер қатарына шақырылған жастарға да осындай сый-құрметтер көрсетілді. Олар қызмет ететін әскери бөлім басшыларымен байланыс жасалып, алыста жүрген талапкерлік жауынгерлерге рухани демеушілік жасалып отырды.



Шағын ауыл болса да ұрпақ жалғастырып өсіріп тәрбиелеудегі алтын құрсақ көп балалы аналар саны үлкен елді мекендерден артық болмаса кем болмады. Кеңестік дәуірде ауылда Нәзипа,

Үміт, Қымбат, Сұлушаш, Хадиша, Тәслима, Орынтай, Қайныш, Күлжиан, Мәрукаш сияқты аналар он және одан да көп бала өсіріп тәрбиелеп «Батыр Ана» атанды.

Ауыл өмірі бұқаралық ақпарат беттерінен де көрініс табатын. Бөлімшедегі цехтық партия ұйымының жетекшісі, облыстық газеттің штаттан тыс тілшісі, әрі мектеп директоры Сейілбек Усиннің, бөлімше меңгерушісі Сабыр Мәлғаздаровтың ауылдың еңбек тынысынан мағлұмат беретін хабарлары аудандық, облыстық газет беттерінде жарияланып тұратын.

Талапкер ауылының тумасы, белгілі қайраткер Молдахмет Досаевтың, Назымбек Жолдасбековтың, Сабыр Мәлғаздаровтың бастамасымен 1984 жылы Талапкер ауылының 50 жылдығы тойланды. Тұрғындарға сыртында «Талапкерге-50 жыл» - деген жазуы бар ескерткіш кеселер таратылды. Тойға облыстық, аудандық бұқаралық баспасөз өкілдері де шақырылды. Ән-күй байқауы, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізілді. Талапкердің тумасы Әбдіреев Қиса деген азамат Қорғалжын халық театрының өнерпаздарын әкеліп ауыл тұрғындары мен қонақтарға өнер көрсеткізіп отырды.

ТАЛАПКЕР МЕКТЕБІНІҢ ТАРИХЫНАН

Кенес өкіметі еңбекші халыққа білім беріп, сауаттандыру бағытында көп игілікті істер атқарғанына тарих куә. Талапкер өңірінде 20-шы жылдары арнайы мектеп үйі болмаған. Балаларды ауқатты адамдардың үлкен бір бөмесін пайдаланып, класс кабинеті ретінде пайдаланып оқытқан. Алғашқы сауат ашу мектебін Сукебаев Жақан, Саманбетов Елубай сияқты сауатты ауыл азаматтары ұйымдастырады. Алғашқы бастауыш мектеп ғимараты 1939-1940 оқу жылында жылында пайдалануға беріледі. 1938 жылы Ақмола аудандық атқару комитеті Талапкер колхозында мектеп салуға 7241 рубль ақша бөледі. Мектеп құрылысын ауыл адамдары жүргізеді. Тұқи, Қайырбек, Мұқыш, Мәлғаздар, Әлжан, Әужан, Оразақ, Жұмағұл, Көпжасар, Алпысбек сияқты ауыл азаматтары екі жазда, өгізбен қырман айдап, саман кірпіш құйып мектеп үйін салып бітеді. Кірпіштерінің сапалы құйылғаны соншалық сол ескі мектеп үйі құлағанда 60-70 жыл болған сол кірпіштерді ауыл адамдары бұзып алып үй салуға пайдаланған. Қазіргі Сабыр Мәлғаздаровтың үйінің қабырғасы сол ескі мектеп кірпіштерінен қаланған.

Ауыл қарттарының айтуынша алғашқы мұғалімдердің қатарында Сукебаев Жақан, Сәменбетов Елубай, Ержанов Ғазиз, Қайыржанов Төлепберген, Қабылғалпар-Сақыш, Мұқанов Жакуда сияқты азаматтар болған. 50-60-шы жылдары Талапкерден шыққан Ахметов Асығат деген азамат Целиноград, Қорғалжын аудандарында мектеп директоры болып қызмет етті.

1946-1947 оқу жылында Талапкер мектебі жетіжылдық, ал 1965-1966 оқу жылында сегізжылдық мектепке айналады. 60-шы жылдары көршілес «Буденный» ауылының балалары да Талапкер мектебінде оқыды. Ол ауылда бастауыш мектеп қана болғандықтан 5-8-сыныптың оқушыларын Талапкер мектебіне автомашинамен күн сайын сабаққа әкеліп отыратын. Ауыл үлкейіп мектепке баратын балалар саны көбейген соң орта мектеп ашу қажеттігі туындайды. Сонымен қатар 9-10 сыныптарды ауыл балалары Көкталда немесе Целиноградта туыстарының, таныстарының үйлерін паналап оқуларына тура келді. Осындай қиыншылықтар болған соң Сәкеев Алпысбай, Сабыр Мөлгаздаров сияқты азаматтар бас болып, ауыл тұрғындарынан қол жинап, аудандық, облыстық басшыларға өтініш жазып 1990-1991 оқу жылында орта мектепке айналдырады. Ол үшін совхоздың қаржысымен қосымша 6 оқу кабинетін, шеберхана, спорт залы салынады.



Бастауыш, жеті және сегіз жылдық кезінде Есенбаев Құсайын (Жолдасбекова Үміттің ағасы), Сипатова Майра (жұбайы Сипатов Сабыр мұғалім болған), Шәріпов Қызыр, Өтегенов Ғажайып сияқты азаматтар мектеп директоры қызметін атқарады. 1956-1962 жылдары мектеп директоры болған Мұқанов Жакуда деген азамат мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуда бірқатар жұмыстар атқарды. Мектеп айналасына тал отырғызып мұғалімдер мен оқушыларға «Қоңырдан» су тасытып суарып, күтіп баптатады. Мектептің айналасында жайқалып өскен сол талдар әлі күнге дейін ауылға көрік беріп тұр. 1963-1977 жылдары Серікбек Тойшыбеков (кейін «Киров» совхозында селолық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарады), 1977-1986 жылдары Сейілбек Усин, 1986-1987 жылдары Мүзан Сейітханов, 1988-1992 жылдары Бұғыбаев Ерқанат, 1992-1996 жылдары Ғабиден Ілиясов, 1996-2003 жылдары Рәйлә Мәлғаздарова мектеп директорлары болды. Ал 2003 жылдан бері Талапкер орта мектебінде Бақытгүл Ермағанбетова директорлық қызмет атқаруда.

Рәйлә Малғаздарова басшылық еткен тұста мектепте ауыл тарихына арналған мұражай ашылады. Мектеп ауласына ауыл тарихынан сыр шертетін ауылшаруашылық құралдары, тұрмыстық заттар қойылады. Қыс қатты болған бір жылы үкімет берген көмір сапасыз болып, жылу жүйесінің істен шығу қаупі төнгенде бөлімше меңгерушісі Сабыр Малғаздаров бір сиырын сатып, жақсы көмір сатып алып, мектептің жылу жүйесін қатырып алмай қыстан аман алып шығады. Сол кездегі Целиноград аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Балкен Игенбаев ауыл басшысының бұл ісіне өте риза болады.

Ауыл жастарының оқып, мамандық алуына Новоишим совхоз-техникумының тигізген пайдасы мол болды. Бұл оқу орны 1961 жылы ашылған болатын. 1987 жылы Целиноград зооветтехникумы деп өзгертіледі. Бұл оқу орны жұмыс істеген жылдары 7 мыңнан астам адам «зоотехник», «веттехник» мамандықтарын игерген. Осылардың қатарында ондаған талапкерлік азаматтар да болды. Мектеп оқушыларының біразы 8-шы сыныпты аяқтаған соң осы техникумға оқуға түсіп мамандық алып шығатын. Осы техникумның түлектері болған талай талапкерлік азаматтар кейін жоғары білім алып, облыс, қала шаруашылықтарында, мекемелер мен ұйымдарда басшылық қызметтер атқарды.

Ауылдағы мектеп қазақ тілінде оқытқандықтан 8-шы сыныпты бітірген балалар орта білім алу үшін оқуларын Целиноградтағы Ж. Жабаяев атындағы №4 және №62 қазақ мектептерінде, Киров кеңшарының орталығындағы мектепте жалғастырды.



Назым Тұқиқызы 1938 жылы 5 шілдеде «Талапкер» ауылында туған. Ауылдағы 7 жылдық мектепті аяқтаған соң, Ақмоладағы Жамбыл атындағы №4 мектепте білім алуын жалғастырып орта білім алады. 1955-1959 жылдары «Жаңғызқұдық» орта мектебінде кітапханашы болып еңбек етеді. Ал 1959-1961 жылдары «Рассвет» колхозының «Мәулімберді» деген жайлауында бастауыш сыныптар мұғалімі болып еңбек етеді. Талапкер ауылына қайта оралып 1962-1990 жылдары мектепте химия-биология пәнінің мұғалімі болып ұзақ жылдар жемісті еңбек етеді. Еңбектен қол үзбей жүріп Қарағанды мемлекеттік педагогика институтының жаратылыс тану факультетін сырттай оқып бітіреді. Ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі бағаланып 1981 жылы «Аға мұғалім», 1984 жылы «Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі» атағын алады. 1982 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады. Назым Тұқиқызы перзенттеріне өнегелі тәрбие, қажетті білім берген бақытты ана. Зейнеткер ұстаз ауылдың құрметті әжелерінің бірі.



Шәрбан Тәрбайқызы Ақмолада туып өскен. Әкелері Талапкер ауылымен туыстық қатынаста болған. Ол Ақмоладағы педагогикалық училищені аяқтаған соң Қорғалжын ауданына бастауыш сынып мұғалімі етіп жолдамамен жұмысқа жіберіледі. 60 жылдардың басында Талапкер ауылының азаматы Аяшев Ілиясқа тұрмысқа шығып, осындағы мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып орналасады. Ауылдың бірқатар балалары осы ұстаздың алдынан сауаттарын ашты. Отбасы жағдайымен жұбайы екеуі Қорғалжын ауданына қоныс аударып сол жақта көп жыл ұстаздық етеді. Сырттай оқып жоғары педагогикалық білім алған Шәрбан апамыз тарих, Ілияс ағамыз биологиядан шәкірттерге сабақ береді. Шәрбан Тәрбайқызының ұстаздық еңбегі бағаланып «Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі» атағына ие болады. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады. Жұбайы екеуі ортақ ұрпақ өсіріп бес ұл, бір қыз тәрбиеледі. Зейнет демалысына шыққан соң, туған жері Талапкерге қайта оралады.

ТАЛАПКЕРДЕН ТҮЛЕП ҰШҚАН

Кеңестік дәуірде және тәуелсіздіктің алғашқы он жылдықтарында Талапкер ауылынан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық білім, мәдениет, ішкі істер саласына жетекшілік еткен, қалалық және аудандық құқық қорғау мекемелеріне басшылық еткен, кеңшар директорлары, кеңшар партия ұйымының хатшылары, ауылдық кеңес төрағалары т.с.с. жауапты қызметтер атқарған оннан астам азаматтар шықты. Ауыл тұрғындары бұл азаматтарын қадірлейді, мақтан тұтады, олардың еңбектері мен есімдерін ілтипатпен еске алады.

Досаев Молдахмет (1922-2001)

Молдахмет ақсақал 1922 жылы 15 қыркүйекте Талапкер ауылында орта шаруаның отбасында дүниеге келген. 1941 жылы Ақмоладағы №2 қазақ орта мектебін тәмамдады. Сол жылы облыстық байланыс басқармасының желілік-техникалық торабында есепші-кассир болып еңбек жолын бастады. 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, взвод командирінің көмекшісі, батальон комсомол жетекшісі лауазымдарында қызмет атқарды.

Елге оралған соң Ақмоладағы ет комбинатында еңбек жөніндегі экономис болып жұмыс атқарды. 1945 жылдың қаңтарында қалалық комсомол комитетінің екінші хатшысы, осы жылдың қыркүйегінде бірінші хатшысы болып сайланады.

Сол жылы сәуір айында Қарағанды темір жол басшылығының бастамасымен фашистік Германияны жеңу құрметіне Ақмола балалар темір жолын салуға шешім қабылданады. Қазақстандағы алғашқы, ал КСРО-дағы жетінші балалар темір жолы қала комсомолдарының күшімен салынады. Осы құрылысқа бастамашылық көрсеткені және белсене қатысқаны үшін М. Досаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталады.

М. Досаев 1946-1948 жылдары Мәскеуде ВЛКСМ Орталық Комитетінің жанындағы комсомол мектебінде оқиды. Оқуын бітірген соң 1953 жылға дейін Көкшетау облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істейді. 1953 жылы осы облыста партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары, ал 1954 жылы Көкшетау облыстық партия комитетінің әкімшілік және сауда-қаржылық органдары бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1954-1957 жылдары Мәскеуде КОКП Орталық Комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебінде оқиды.

1957-1960 жылдары Көкшетау облысының Еңбекшілдер аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып еңбек етеді.

1960-1961 жылдары Қазақстан Компартиясы Тың өлкелік комитетінің Солтүстік облыстары бойынша Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Бюросының жауапты ұйымдастырушысы болып жұмыс істейді. 1961-1966 жылдары облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, ал 1966-1983 жылдары Целиноград

облыстық бақылау комитетінің төрағасы сияқты жауапты қызметтер атқарады.

М. Досаев зейнетке шыққан соң белсенді қоғамдық қызмет атқарады. 1983-1990 жылдары Целиноград тарих және мәдениет ескерткіштері қоғамының облыстық кеңесі төрағасының орынбасары болып жұмыс істеді. М. Досаевтың бастамасымен және тікелей қатысуымен 1988 жылдың ақпан айында Целиноград қаласында С. Сейфуллиннің мұражайы ашылып, қаланың орталық стадионына Қажымұқан палуанның есімі, ал бір қала көшесіне Бөгенбай батырдың есімі беріледі.

М. Досаев жауапты қызметтерде жүргенінде туған ауылына қолдан келген жәрдемін тигізіп отырды. Талапкер ауылын әкімшілік-шаруашылық өзгерістер кезінде «Киров» атындағы совхоздың белді бір бөлімшесі ретінде сақталып қалуына ат салысты. Ауылда радио желісін орнатуға, мектеп ғимаратын салуға, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш қоюға ұсыныс жасап, оны іске асыруға көмектесті. М. Досаевтың бастамасымен 1984 жылы ауылдың 50 жылдық тойы аталып өтілді. Талапкердің үлгісімен кейін Целиноград ауданындағы «Шалқар» ауылы да мерейтойын өткізеді. Ол мерекенің құрметіне әрбір отбасына үкімет бағасымен 4 килограмнан үнді шайын сатып алуына мүмкіндік жасады. Ол кезде үнді шайы қолға түспейтін, қымбат бағамен базарда ғана сатылатын зат еді. Той кезінде ескерткіш шай кеселер таратылды. Сол ыдыстар күні бүгінге дейін талапкерлік отбасылардың үйінде қастерлі зат ретінде сақталып келеді.

Молдахмет Досайұлы шынайы қазақ азаматы ретінде жылқы малын ерекше қастерлеген. Сондықтан ол Ақмола

облысында ат спортының жарыстар өткізуге белсене қатысып, жарыстар кезінде әрқашан бас төреші қызметін атқаратын.

Молдахмет Досайұлының еліне, халқына сіңірген ұзақ жылғы еңбегі лайықты бағаланды. Ол жауынгерлік «Қызыл жұлдыз» және үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», екі «Құрмет белгісі» ордендерімен, алты медальмен марапатталған. Сонымен қатар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамоталарымен, КСРО Халықтық бақылау комитетінің және Қазақ КСР, ВЛКСМ Орталық Комитетінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің құрмет грамоталарымен марапатталады. Ардагер азамат 2001 жылы 29 маусымда дүниеден өтті.

Молдахмет Досайұлы жұбайы Шайра Балғабайқызымен бірге төрт ұл бала тәрбиелеп өсірді. Досаевтар отбасында тоғыз немере мен бес шөбере өсіп келеді.

Самамбетов Естай



Естай 1932 жылы Қайырбек пен Бәтен атты қарапайым талапкерлік колхозшылардың отбасында 1932 жылы дүниеге келеді. Ауылда 3 сыныпты бітірген соң көрші Төңкеріс ауылындағы 7 жылдық мектепті жақсы біліммен, үлгілі тәртіппен аяқтайды. Бірден алыстағы Алматыға оқуға баруға мүмкіндігі болмағандықтан ол Ақмоладағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп арнаулы орта білім алады. Қалада оқи

жүріп құқық қорғау саласында жоғары білім алып еңбек студі армандайды. Осы арман оны Алматыдағы заң институтына оқуға жетелейді. 1954 жылы заңгер мамандығын алған жас маман Ақмола облысының Астрахан, Ақмола аудандық прокуратураларында тергеуші болып еңбек етеді. Көп ұзамай қалалық, кейін облыстық прокуратураларда тергеушілік қызметке жоғарлатылады. Өз ісін жетік білетін тәжірибелі маман ретінде танылған соң ол Алматыға қызметке шақырылады. 1971-1983 жылдары Қазақ КСР Бас прокуратурасында аса маңызды істер жөнінде тергеушілік қызметті атқарады. Басшылық тәжірибелі маман ретінде Естай Қайырбекұлын аудандық прокуратураны басқаруды сеніп тапсырады. Естай Қайырбекұлы 1983 жылы Алматы облысының Қаскелең, ал 1985 жылдан бастап Ұйғыр ауданы прокуроры қызметтерін абыроймен атқарады. Республикалық прокуратура саласының құрметті қызметкерінің өмірін сұм ажал қиып кетті. Естай Қайырбекұлы ұзаққа созылған ауыр науқастан 1992 жылы көз жұмды. Ол дүниеден озса да артында ісін жалғастыратын заңгерлер әулетін қалдырды. Жұбайы Құрманкүл Ахметқызы екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірсе, соның екеуі әке жолын қуып заңгерлік мамандықты игереді. Сонымен қатар алты баладан тараған 10 немеренің бесеуі тағы да заңгерлік жолды таңдайды. Туған ауылын ешқашан есінен шығармай, еліміздің бір қиырында жүрсе де үнемі «Талапкерім» деп аңсап келетін азаматын елі де ұмытпайды, замандастары, туған-туыстары сағынышпен естеріне алып отырады.

Партия қызметкері-Түсен

Бұл азаматтың азан шақырып қойған есімі Жүсіп екен. Талапкер ауылында туып өседі. Бастауыш білім алған соң оқуын Ақмолада жалғастырады. Мектеп бітірген соң Ақмола ауданының ауылдық кеңестерінде хатшы, төрағасы болып еңбек етеді. Ұйымдастырушылық қабілеті бар, талантты жасты облыстық партия ұйымы оқуға жібереді. Сөйтіп ол 1954-1958 жылдары Алматы жоғары партия мектебінде оқып жоғары саяси білім алады. Оқуын аяқтаған соң партия тапсырмасымен «Рассвет» колхозында, Романовка ауылында, «Акмолинский» совхозында кеңес-партия қызметтерінде болады. Кейін Целиноград облыстық партия комитетінің аппаратында қызмет етеді.

Ауылдан қызмет бабымен ерте кетсе де атақонысымен қатынасын үзбейді. Түсен Құдабайұлының Рәшид атты бір баласы 60-шы жылдары ескі ауылда тұрған Күлбағила атты апасының қолында оқып тәрбие алады. Түсен Құдабайұлы жұбайы Сәлима екеуі бірнеше ұл қыз тәрбиелеп өсіреді.

Талапкер ауылының тумасы

Ідірісов Қазақбай Қисықұлы 1939 жылы Талапкер ауылында дүниеге келген. Әкесі Қисық (шын есімі Есмұхамбет) кезінде басшылық қызмет атқарған, Мортқық ауылдық кеңесінің төрағасы, Ақмола ауданының шауашылықтарында еңбек еткен адам. Коммунистік партияның мүшесі болғанына, кеңестік дәуірде өмір сүріп еңбек еткенін риза болып өмірден өткен.



Баласы Қазақбай да әке тәрбиесін, үлгісін бойына сіңіріп өседі. Талапкер жеті жылдық мектебін 1954 жылы үздік бітіріп, Ақмоладағы №28 мектепте орта білім алады. Ауылдан шыққан бала мал шаруашылығы мамандығын игеруді қалап, алдымен техникум, содан соң ауылшаруашылығы институтын бітіреді.

Өзінің еңбек жолын «Рассвет» кеңшарында зоотехник болып бастайды. Көп ұзамай әскери борышын өтеуге аттанады. Әскерден оралған соң 1962 жылы Қорғалжын ауданындағы «Соналы» кеңшарында зоотехниктік қызмет атқарады. 1974 жылы бас зоотехник болып Маринов ауданының «Колутон» кеңшарына жұмысқа жіберіледі.

Қазақбай Қисықұлы көп жылдар бойы Теңіз ауданының мал шаруашылығын дамытуда елеулі еңбек етеді. 1981 жылы осы ауданның «Баршын» кеңшарында бас маман болып, кейін Теңіз аудандық ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарады. Аудан таратылып, штаттың қысқаруына байланысты 1987 жылы «Талдысай» кеңшарына директор болып ауыстырылып осы шаруашылықты үш жыл басқарады.

1996 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Қарағанды облысындағы «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамында «өндіріс басшысы», Шұбаркөл кенті әкімі аппаратының бас маманы - «мемлекеттік ветеринарлық инспекторы» қызметтерін атқарады.

Қазақбай Қисықұлының ұзақ жылғы адал еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланады. 1966 жылы «Коммунистік еңбектің үздігі» атағын алады. 1984 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», 1985 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталады. Сонымен қатар аудандық, облыстық басшылық тарапынан бірнеше рет мақтау грамоталары беріледі. Бірнеше рет аудандық, облыстық кеңестерге депутат болып сайланады.

Ел ішінде беделді басшы, отбасында ардақты әке бола білді. Жұбайы Мәруан Нұрбекқызы екеуі он бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды, олардан немерелер көрді. Қазір балалары еліміз шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етеді.

Қазақбай Қисықұлы бос уақытын балық, аң аулап табиғат аясында өткізуді ұнататын. Балаларын да табиғатты аялап, адал еңбек етіп өмір сүруге үйрететін. Туған ауылын ешқашан есінен шығармайтын. Еңбек демалыстары кезінде Талапкерге келіп дос-жарандарымен қауышып, бақилық болған, туған-туысқандарының басына барып дұға оқытатын. Елі үшін ұзақ жылдар еңбек еткен абзал азамат 2006 жылы 67 жасында өмірден өтті.

Милиция бастығы-Қайролла



Жакудин Қайролла 1940 жылы Талапкер ауылында Жәкуда атты колхозшының отбасында дүниеге келді. Әкесі 1941 жылы соғысқа кетіп 1944 жылы қаза табады. Алдында Смағұл, Ісләм, Қайыркелді сияқты ағалары болды. Талапкерде жетіжылдық білім алған соң орта білім алуды Ақмола қаласындағы №28 мектепте жалғастырады. Ол еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастады.

Әскери борышын теңізші болып атқарады. КСРО кезінде қауіпті апатымен «әйгілі» болған «К-19» атом сүңгуір қайығында 2-ші дәрежелі старшина болып қызмет атқарады. Ол кезде бұл оқиға туралы көпшілік біле бермейтін. Ол теңізшілер арасында «мұхиттағы Хиросима» деген атқа ие болған осы атышулы кемеде қызмет етеді. Су астында бірнеше аптаға созылатын жүзу кезінде экипаж мүшелерімен бірге жанқиярлық көрсетіп, жауынгерлік тапсырманы үлгілі атқарады. Мінсіз қызметі үшін әскери теңізші Қайроллаға КСРО Қорғаныс Министрінің бұйрығымен алғыс жарияланады. Жауынгерлік қызметі үшін «Отличник Военно-морского флота СССР» және «За дальний поход» белгілері табыс етіледі. 1990 жылы Қ. Жакудинді Санкт-Петербургке осы әскери кемең ардагерлерімен кездесуіне арнайы шақырып сый құрмет көрсетеді. 1962 жылы әскери борышын өтеп елге келгеннен кейін Қайролла комсомолдық жолдамамен Алматы жоғары

милиция мектебіне оқуға жіберіліп, онда заңгер-құқықтанушы мамандығын игереді. Ол спортты жаны сүйетін, қызметте жүргенде оның бірнеше түрімен айналысқан. Қызметтесі А. Гниненко Қайролланың екі пұттық кірдің тасын ойыншықтай үйретін қайраттылығын еске алады. Ақмола облысының бірнеше аудандарында милиция бөлімдерінде абыроймен еңбек етеді. Коммунистік партия қатарына қабылданады. Іскерлігі мен кәсіби шеберлігінің арқасында Ерейментау аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады. Осы қызметте жүргенінде еңбегі бағаланып Қазақстан Коммунистік партиясы 17-ші съезіне делегат болып сайланады. Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін 1991 жылы оған КСРО Ішкі істер министрлігінің арнайы бұйрығымен штаттан тыс «милиция полковнигі» дәрежесі беріледі. Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетінде Жәкудин Қайролла туралы сол кезде былай деп жазылды. «Коммунист Қайролла Жакудин бірнеше жылдардан бері қоғамдық тәртіпті қорғау саласында қызмет етіп келеді. Ол өзіне жүктелген тапсырманы уақытында орындау, қылмысты істерді тексеріп-зерттеп тезірек ақ-қарасын ашу жөнінде операцияларды шұғыл да, іскерлікпен жүргізудің нәтижесінде көзге түсті. Қажырлы еңбегінің арқасында қатардағы милиционерден аудандық ішкі істер бөлімін басқаруға дейінгі жолдан өтті».

Қ. Жәкудин қызмет ете жүріп 1994 жылы инфарктен көз жұмады. Ол жұбайы Саяжан екеуі алты бала өсіріп тәрбиеледі. Қыздары Роза мен Назгүл әке жолын жалғастырып заңгер болып еңбек етуде, ал ұлы Данияр бір кезде әкесі жетекшілік еткен Ерейментау аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет етуде.

Аудандық білім бөлімінің басшысы



Асқар Қабыкенұлы соғыс алдында өмірге келген ұрпақтың өкілі. Сондықтан тағдырдың қиындығын бала жасынан басынан кешіреді. Ес білген балалық шағы сұрапыл соғыс уақытына тап келеді. 40-шы жылдар көптеген колхозшылардың ауыр тірлік кешкен уақыты болатын. Майданда ері қаза тапқан соң шешесі Рабиға талапкерлік Тапал деген азаматқа тұрмысқа шығады. Екінші әкесі Тапал мен шешесі Рабиғаның да тұрмысы жүдеу болады. Әкесі қойма күзетсе, шешесіне жұмыс бірде табылса бірде табылмайтын. Жанұяда басқа да іні-қарындастары өсіп келе жатты. Талапкердің жетіжылдық мектебін бітірген соң, Асқар әкелері соғыста қаза тапқан балаларды тәрбиелейтін «Тайтөбе» ауылындағы мектеп-интернатқа қабылданады. Жазғы каникулда балаларды үйлеріне қайтаратын. Жасөспірім Асқар үш жыл бойы әкесінің Ақмолада, теміржолда істейтін ағайыны Жәкудин Смағұлды сағалап шойын жолда жұмыс істеп аздаған ақша тауып өзіне киім-кешек, оқуға қажетті құралдарын алатын. Бір

жақсысы бұл мектепте еңбек пәніне қосымша «тракторшы» мамандығын да оқытып куәлік беретін.

1959 жылы орта мектепті бітірген соң, артында көмектесетін ешкімі болмаған Асқар бір жарым жыл Талапкерде тракторшы болып еңбек етіп, жоғары оқу орнына бару үшін ақша жинайды. Сол кездегі ауыл механизаторлары Естай мен Шөкімнің көмекшісі болып еңбек етеді.

Сөйтіп қаражатын қамдап алған соң ол 1961 жылы Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Ол кезде жоғары оқу орнында оқитын студенттерді әскерге алмайтын еді. Бірақ 1962 жылы АҚШ пен КСРО-ның арасында Кубаға байланысты жағдай ушығып, институтта оқитын ер жігіттерді шұғыл түрде армияға әкетеді. Асқар да осы оқиғаның зардабын тартады. Қысқа мерзімде жауынгерлік даярлықтан өткен Асқар Солтүстік флоттағы «Мурманск» крейсерінде әскери теңізші болып қызметке кіріседі. Басқа да әскери кемелердің құрамында ол Кубаға да таяп барады. Бұл крейсер Солтүстік Мұзды мұхитқа «өтіп кеткен» АҚШ-тың сүңгуір қайығын да «қуалап жүріп» еліне қайтуға мәжбүр етеді. Асқар әскери флотта жүріп коммунистік партия қатарына қабылданады. Әскери міндетін ұқыпты, мінсіз атқарғаны үшін төрт жылда екі рет алғыс алып Талапкерге демалысқа да келіп кетеді.

Әскери борышын өтеген соң Қарағандыда оқуын жалғастырып мұғалімдік мамандық алады. Студенттік өмірді қатар өткізген Іргеш деген қарағандылық қызбен тұрмыс құрады. 1969 жылы оқу бітірген жас мамандар жолдамамен Қорғалжын ауданындағы «Баршын» мектебіне жұмысқа жіберіледі. Өмірлік тәжірибесі мол, төрт жыл әскерде шы-

нығып, шындалып өскен коммунист мұғалім екі жылдан соң оқу ісінің меңгерушісі, ал тағы бір жылдан соң мектеп директоры қызметіне көтеріледі. Аз уақытта мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жандандырып, ұжымның жұмысына жаңа леп береді. Сол кезде ауыл мектептерін бітірушілерді қой бағуға жіберетін партия тапсырмасы шығады. Жігерлі жас директор Целиноград облысында бірінші болып комсомол жастардың шопандар бригадасын ұйымдастырып басқа мектептерге үлгі көрсетеді. Іскерлігі мен тындырымдылығын бағалаған аудандық партия комитеті жас директорды Қорғалжын аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне қояды. Бұл қызметті Асқар Қабыкенұлы 1974-1976 жылдары абыроймен атқарады. Адамның өмір жолы әрқашан тақтайдай тегіс және үнемі өрлеу үстінде бола бермейтіні белгілі. Қызмет бабында қиянаттар мен кедергілер де кездесіп тұрады. Жоғары басшылық тарапынан бір әділетсіздікті басынан кешірген, бірақ өмірде азаматтық намысын бәрінен жоғары қоятын Асқар Қабыкенұлы бұл қызметтен өз еркімен бас тартып Целиноградқа қоныс аударады. Мұнда екі жыл жас техниктер станциясының директоры болып еңбек етеді. Асқар Қабыкенұлының қарым-қабілетін білетін облыстық оқу бөлімі оны жігерлі, жаңашыл басшыға мұқтаж болып тұрған, алдымен Пригородный (Заречный), кейін Шалқар (Целиноград ауданындағы) орта мектептеріне директорлыққа жіберіледі. Бұл екі мектепті де алдыңғы қатарға шығарған Асқар Қабыкенұлын аудан басшылығы артта қалған «Воздвиженский» орта мектебіне басшылыққа тағайындайды.

Асекең осы білім ордасын он бес жыл бойы үздіксіз басқарып, осы жерден зейнет демалысына шығады. Қадірлі

азаматтың ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі көптеген медальдармен бағаланады. Асқар Қабыкенұлы білім беру саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін «КСРО оқу-ағарту ісінің үздігі» (бір айта кетерлігі, мұндай марапатқа Целиноград облысында төрт-ақ адам ие болған) және «Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі» атақтарына ие болады. Бүгінде 70 жастан асқан, саналы ғұмырының 34 жылын білім беру ісіне, жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған Асқар Қабыкенұлы жұбайымен бірге бес бала өсіріп, олардан алты немере көрген бақытты ата.

Дәрігер-ғалым Ақбала



Ақбала Нұрсейітқызы 1962 жылы Талапкер ауылында қарапайым шаруа адамының отбасында дүниеге келеді. Әкесі Нұрсейіт ақсақал өмір бойы колхозда еңбек еткен жан. Мал бағудың қыр-сырын жақсы білетін, өзіне де өзгеге де талап қоя білетін тиянақты адам болғандықтан шаруашылық басшылары Нұрсейітті ферма меңгерушісі, бригадир етіп тағайындайды.

Жұбайы Қайныш екеуі балаларын үлгілі, еңбекқор етіп тәрбиелейді. Сондай талапты балаларының бірі Ақбала еді.

Талапкер мектебін жақсы бітірген жас қыз Целиноградтағы Темір жол медицина училищесінде білім алып «мейірбике» мамандығын алып шығады. 1981-1984 жылдары қаладағы темір жол ауруханасының хирургия бөлімінде

мейірбике болып еңбек етеді. Жасынан оқу-білімге құштар Ақбала Целиноград мемлекеттік медицина институтының «емдеу ісі» факультетіне оқуға түсіп жоғары білімді дәрігер атанады. Факультет басшылығы Ақбаланың ізденгіштігін, еңбекқорлығын байқап ғылыми жұмыспен айналысуды ұсынады. Сөйтіп Ақбала 1991-1993 жылдары Целиноград мемлекеттік медицина институтының №2 ішкі аурулар кафедрасындағы ішкі аурулар клиникалық ординатурасында білім алады. Ординатураны аяқтағаннан кейін Ақмола мемлекеттік медицина академиясының ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының ассистенті қызметін атқарады. 2001 жылы «Жұмсақ артериялды гипертензиямен ауыратын науқастарда майлардың еркін радикалды тотығуы және эритроциттердің серпінділігі» деген тақырыпта диссертация қорғап, медицина ғылымдарының кандидаты атағын алады. 2004 жылдан бастап жедел және шұғыл медициналық көмек курсы мен ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының доценті болып орналасады. Ғылыми жұмыспен белсене айналысқан Ақбала Нүрсейітқызының 20 астам мақалалары алыс және жақын шетелдердің ғылыми журналдарында жарияланады. Медицина университетінің 6-шы курс студенттері мен интерн-дәрігерлерге арналған «Кардиологиядағы шұғыл жағдайлар» атты тақырыпта мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік құрал, «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің артериялды қан қысымын анықтау және емдеу» тақырыбында дәрігерлерге арналған әдістемелік нұсқаулығын жазып шығарады. Сонымен қатар білім алушыларға арналған «Шұғыл жағдайлар» атты оқулығы да жарық көреді. 2010 жылы елордалық «Сто лиц столицы» деген беделді альманахта ғалым-ұстаз-

дың «Моя цель - воспитать активное и способное поколение» - деп аталатын, өзі басқарып отырған медицина колледжінің бүгінгі тыныс тіршілігі туралы мақаласы жарық көрді. Ақбала Нүрсейітқызы жоғары санатты дәрігер-терапевт.

Ғалым-ұстаздың ұйымдастырушылық қабілетін көрген басшылар Ақбала Нүрсейітқызын 2005 жылы маусым айында елордадағы «Медициналық колледж» МКҚК директоры қызметіне тағайындайды. Қарбалас шаруашылық және қоғамдық жұмыстарға қарамастан Ақбала Нүрсейітқызы әкімшілік және ғылыми-педагогтік жұмысты шебер ұштастырып жүрген жан. Дәрістерін қазақ және орыс тілдерінде жоғары деңгейде оқиды. Қазақ мемлекеттік медицина академиясы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана қалалық Денсаулық сақтау басқармасы тараптарынан бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған. «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері. Ол 2006 жылы «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанады. Елорданың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысатыны үшін Астана қаласы әкімінің Алғыс хатымен, 2009 жылы «Астананың 10-жылдығы» мерекелік медалімен марапатталады.

Рабочком Әлдеш

Әлдеш (Алдабек) Аманжолұлы 1954 жылы 22 желтоқсанда Ақмола қаласында дүниеге келеді. Әкесі Аманжол Ұлы Отан соғысына қатысып елге оралған соң қалаға жұмысқа тұрады. Баласы дүниеге келген соң Талапкер ауылына қоныс аударып тракторшы болып еңбек етеді.

Анасы Алтынай үй шаруасымен, бала тәрбиелеумен айналысады. Алдабекті әке-шешесі жастайынан еркелетіп Әлдеш деп атаған. Ауылдастары арасында осы атпен белгілі болды. Әлдеш Талапкер сегізжылдық мектебін жақсы бітіріп Целиноград қаласындағы транспорт техникумына оқуға түседі. Оқу бітіріп совхозға жұмысқа тұрады.

Алдабек Аманжолұлының ұйымдастырушылық қабілетін байқаған совхоздың партия ұйымының басшылығы оған кеңшар жастарының басшысы (комсорг) қызметін ұсынады. Бұл қызметті абыроймен атқарғанын. Көрген кеңшар еңбеккерлері Әлдешті совхоз жұмысшылары кәсіподағы ұйымының төрағасы қызметіне сайлайды, ол бұл жұмысты 1996 жылға дейін абыроймен атқарады. Совхоз тараған соң Әлдеш Астана қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінде инженер-механик болып еңбек етеді. Әлдеш еңбектен қол үзбей 1991 жылы сырттай Целиноград ауыл шаруашылық институтын бітіреді. 1976 жылы ауылдасы Мәкітай Әукішқызына үйленеді. Екеуі Айгүл есімді қыз, Алмас есімді ұл тәрбиелеп өсіреді, балаларына жоғары білім алып мамандық иелері болуына жәрдем береді. Әлдеш 2007 жылы өмірден озады. Әлдештің жұбайы Мәкітайдың үй-іші Талапкерге 60 жылдары 38-ші темір жол разъезінен көшіп келген болатын. Жұмыс бабымен ертеде көшіп кеткен Әукіш інісін Рақымшәріп ақсақал алыста жүрмесін деп қайтадан туған ауылына алдырған еді.

Египетте білімін жетілдірген



Жұматай Елубайұлы 1958 жылдың қантар айының 24 жұлдызында Ақмола ауданының Талапкер ауылында дүниеге келген.

Жұматай Талапкердегі ұзақ жылғы еңбегі бағаланып орденмен және бес медальмен марапатталған, қадірлі талапкерлік азамат Қазбеков Елубайдың баласы. Елубай ақсақал жастайынан еңбекке араласып, техника тілін меңгеріп зейнет демалысына шыққанша механизатор бо-

лып еңбек етеді. 1966 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Жұбайы Рысжан екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірді. Әкесінің еңбекқорлық қасиетін бойына сіңірген, қала көлемінде мекеме басшысы болып елге танылған бір баласы Жұматай болды.

Ол 1965-1973 жылдары Талапкердегі сегіз жылдық мектепті жақсы тәмәмдап, орта білім алуды сыртта жалғастырады. 1973-1975 жылдар аралығында «С.М. Киров атындағы совхоздың» орта мектебінде оқиды. Мектепті бітірген соң Жұматай Елубайұлы еңбекке араласады. 1975 жылдың тамыз айынан бастап 1978 жылдың мамыр айына дейін Талапкер ауылында тракторшы болып жұмыс атқарады. Әскерге шақырылып 1978-1980 жылдар аралығында Кеңес қарулы күштерінің Қызыл Ту орденді Солтүстік флотында әскери борышын өтейді.



Әскери қызметінен оралған соң 1980-1982 жылдары облыстық ішкі істер органында жүргізуші-милиционер болып жұмысқа тұрады.

Осы мекеменің жолдамасы бойынша 1981 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының күндізгі бөліміне оқуға түсіп, 1987 жылы «инженер-механик» мамандығы бойынша диплом алып шығады. Жоғары білім алған соң офицерлік лауазыммен қайтадан ішкі істер органында жұмысын жалғастырады. Өз жұмысына тиянақты қарайтын жас милиционер 1989 жылы «КСРО Ішкі Істер Министрлігінің үздігі» төсбелгісіне ие болады.

1991 жылы КСРО Ішкі Істер Министрлігінің III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» белгісімен марапатталады.

1991-1993 жылдары Целиноград облысы Ақмола қаласының ПБ медициналық айықтырғышта профилактика кабинетінің инспекторы лауазымында қызмет істейді. 1993-1995 жылдары Ақмола қаласының ПБ учаскелік инспекторларды басқару бойынша аға инспекторы лауазымды

қызметінде болады. 1995-1996 жылдары Ақмола қаласының ІІБ әкімшілік тұтқындалғандар үшін арнайы қабылдағыш (спецприемник) бастығы, ал 1996-2000 жылдар аралығында Ақмола қаласының ІІБ медициналық айықтырғыш бастығы сияқты жауапты қызметтер атқарады.

2000-2003 жылы Астана қаласының ішкі істер басқармасы штаб бастығы және полктың кезекші бөлімі патруль полициясының бастығы лауазымында болады. Ол қандай да жауапты қызмет тапсырылмасын бәрін абыроймен атқара білді. Білгенін, мол тәжірибесін кейінгі толқын ізбасарларына үйретті.

2001 жылдың наурыз айында өз саласының білгір маманы болған Жұматай кәсіби біліктілік деңгейін жетілдіру үшін шетелдік іссапарға жіберіліп, Египет Араб Республикасының астанасы Каирдегі Полиция Академиясында білім алып, тәжірибеден өтеді.

Шетелдік іссапардан оралған соң Жұматай Елубайұлы Астана қаласының ішкі істер басқармасында аса маңызды тапсырмалар бойынша кадрларды басқарудағы «аға инспектор» лауазымына тағайындалады.

2003 жылдың аяғында құқық қорғау саласындағы қызметін абыроймен аяқтап, «подполковник» шенінде запасқа, зейнеткерлікке шығады. Жұматай Елубайұлы жұбайы екеуі үш бала тәрбиелеп өсіреді. Қызы Нұрлыгүл әке жолын қуып Қазақ Мемлекеттік Заң университетін бітіріп заңгер мамандығымен еңбек етуде. Ұлы Бектемір Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетін тәмәмдаған. Кенже қызы Назгүл Қарағанды Экономикалық Университетінің студенті.

Түрме бастығы Есенғали



Зікіриянов Есенғали Кенжеғалиұлы 1964 жылы 8 наурызда өмірге келген. 1979 жылы Талапкердің сегізжылдық мектебін бітірген соң, Новоишимкадағы техникумда білім алуды жалғастырып «зоотехник» мамандығын алады. Оқуды бітірісімен әскери борышын өтеуге шақырылып, әскери флотта теңізші болып азаматтық борышын өтейді. Әскерден оралған соң бір жыл Ақмоладағы «Қазақсельмаш» зауытында жұмысшы болып еңбек жолын бастайды. Әскери өмірдің тәртібіне үйренген жас жігіт енді құқық қорғау саласында еңбек етуді қалайды. 1987 жылдан бастап Есенғали Кенжеғалиұлының құқық қорғау органдарындағы қызметі басталады. Ол 1987 жылы Целиноград облыстық ішкі істер басқармасының әкімшілік тұтқындалғандар үшін арнайы қабылдағышында (спецприемник) қатардағы милиционер болып жаңа жұмысын бастайды. Үш жылдан кейін осы мекеменің кезекші инспекторы, жедел уәкілі болып жоғарылайды.



1994-2010 жылдары алғашқыда уақытша қамау изоляторы бастығының орынбасары, кейін 11 жыл бойы осы мекеменің бастығы болып еңбек етеді. Еңбектен қол үзбей

жүріп Қазақстан Республикасы Қостанай заң институтында сырттай оқып «заңгер-құқықтанушы» мамандығын алады. 2010 жылдың аяғында ішкі істер органдарының подполковнигі дәрежесінде зейнеткерлікке шығады.

Есенғали Кенжеғалиұлының құқық қорғау саласындағы ұзақ жылғы адал қызметін басшылық лайықты бағалайды. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі С. Баймағанбетовтың, Астана қаласының әкімі И. Тасмағанбетовтың, Астана қаласы ішкі істер департаментінің бастығы А. Жалмағанбетовтың Алғыс хаттарын алады. Сонымен қатар «Ішкі істер органында 10, 15, 25 жыл «Мінсіз қызмет атқарғаны үшін» төсбелгілеріне ие болады. «Ішкі істер қызметінің ардагері» медалымен марапатталады. Жұбайы Сәрия екеуі Абдолла мен Әлішер атты ұлдарын өсіріп азамат етіп, Абдолласынан Назерке есімді немере сүйіп отыр.

Суретшілер Одағының мүшесі



Мұхтар Ақанұлы Талапкердің сегізжылдық мектебін бітірген соң орта білім алуды Целиноградтағы №62 мектепте жалғастырады. Оқуы орташа болса да Мұхтардың сурет, сызу сабақтарына деген қызығушылығы ерекше болады. Бала кезінен өзіне ұнаған заттардың сұлбасын қарындашпен дәптер бетіне салуға ұмтылатын. Қала мектебінде оқығанда мектептің мерекелік қабырға газетін шығарып отыру Мұхтардың мойнында болатын.

Әскерде де сурет салу жұмыстарын талапты қазақ сарбазына жүктейтін. Елге оралған соң Целиноградтағы М. Горький атындағы орыс драма театрына суретші болып орналасады. 1973-1975 жылдары Алматы көркемсурет училищесінде оқып суретшілік мамандығын игереді. Оқуын аяқтаған соң Алматыда қалып Республикалық көркемөнер фондысында 27 жыл суретші болып еңбек етеді. Бейнелеу өнері саласындағы еткен еңбектері бағаланып Қазақ КСР Суретшілер Одағына мүше болып

қабылданады. Салған портреттерінің, ноторморттарының, пейзаждарының таңдаулыларын фонд Мәскеуге байқауға жібереді. Содан 1985 жылы Мұхтар Ақанұлының бір топ таңдамалы суреттері лайықты бағаланып Бүкілодақтық көрменің лауреаты атанады.

Мұхтардың көпшілік біле бермейтін бір қыры спорттың бір сирек түрімен айналысуы дер едік. Ол мылтықпен нысана көздеп атудан спорт шеберлігіне кандидат. Бірнеше мәрте осы сала бойынша түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болған.

Мұхтар Ақанұлы 60-ты алқымдаған шағында туған жеріне оралып, бір кезде Талапкер ауылы әкімшілік жағынан бағынатын «Көкталға» қоныс тепті. Жұбайы Майра екеуі екі ұл тәрбиелеп олардан немерелер сүйіп бақытты ата-әже болып ғұмыр кешуде. Тұңғыштары Асылан Москвада Әскери академияны тәмәмдап Қазақстан Қарулы күштерінің барлау басқармасында, кенжесі Рүстем елордада экология саласында еңбек етуде.

Қуаныш Құлмағанбетов



(1949-2006)

Қуаныш Ақанұлы көп балалы қарапайым жанұяда, Талапкер ауылында дүниеге келген. Ауылдың сегіз жылдық мектебін аяқтаған соң, орта білім алуды Целиноградтағы №62 мектепте жалғастырады. Ресейдің Краснодар қаласындағы Ауылшаруашылығы академиясында оқып ауыл-шаруашылығы саласы мамандығын игереді. Еңбек жолын «Краснознаменский» кеңшарында екі жыл электрик болып бастайды. Арнайы жолдамамен жіберіліп, жоғары білімі болғанымен алғаш барған уақытта кеңшар басшылығы осындай қарапайым жұмыс тапсырады. Екі жылдай кеңшарда инженер, зоотехниктік жұмыстар атқарып өзінің білімді қабілетті маман екенін дәлелдей біледі. 1974-1976 жылдары ұйымдастырушылық қабілеті бар жас жігіт Краснознамен аудандық комсомол комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Комсомолдан партия қызметіне жіберіледі.

1976-1977 жылдары Краснознамен аудандық партия комитетінің ауылшаруашылығы бөліміне жетекшілік жасайды. 12 жыл үздіксіз осы аудандағы «Бауман» атындағы кеңшардың партия ұйымының хатшысы қызметін абыроймен атқарады. Қуаныш Ақанұлы 1992-1994 жылдары ауылдық кеңестің төрағасы, ауыл әкімі болып еңбек етеді. Содан кейін екі жыл Краснознамен аудандық халықты еңбекпен қамту орталығына басшылық етеді. 1996 жылдан бастап өмірден өзғанша Ақмола қаласында қоршаған ортаны қорғау органында еңбек етті. Жұбайы Қазина екеуі жеті баланы өсіріп тәрбиеледі.

Мәдениет қайраткері



Қиса Әбдірейұлы 1942 жылы Талапкердің «Ескі ауыл» деп аталатын бөлігінде дүниеге келген. Жетіжылдық мектепті ауылда тәмәмдаған соң, 8-9 сыныпты Ақмоладағы №28 мектепте, ал 10-шы сыныпты Тайтөбедегі мектеп-интернатта бітіреді. Жасынан өнерге бейімі бар жас Қиса 1960-1964 жылдары Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде

оқып, «көркемөнерпаздар ұжымының, хор ұжымының жетекшісі» - деген мамандық алып шығады. Бұл ол кезде ауылдық жерлерде сирек кездесетін мамандық болатын. Целиноград облыстық мәдениет басқармасы жас маманды Қорғалжын ауданына жұмысқа жібереді. Алғашқыда мәдениет үйінің директоры, кейін аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып 10 жыл қызмет етеді. Ол қызметке

кіріскенде аудандағы мәдениет саласының жұмысы тұралап тұрған кезі екен. Жігерлі жас маман аудандағы мәдениет жұмысы мәселесін аудандық партия комитетінің пленумына шығарып мәселені кешенді түрде шешуге қол жеткізеді. Бірнеше жыл қажымай-талмай атқарған істері өз нәтижесін береді. Ауданның барлық совхоздарында көркемөнерпаздар үйірмелері құрылады. Аудан орталығында жыл сайын олардың байқаулары ұйымдастырылады. Аудан орталығында кәсіби білімі жоқ, бірақ өнерге бейімі бар жастарды біріктіріп халық театрын, ән-би ансамблін, ұлт аспаптары оркестрін құрады. Бұл ұйымдарға 100 астам адам жұмылдырылады. 1970 жылы Целиноград облыстық телевидениесінде Қорғалжын ауданының 95 адамнан тұратын өнерпаздары бір сағаттық концерттік бағдарлама көрсетеді. Қорғалжын өнерпаздары 1969-1973 жылдары Алматы, Шымкент, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарын аралап өнер көрсетеді. Ауданнан шыққан таза ұлттық өнер ұжымының республиканы аралап мұндай өнер көрсетуі сол кез үшін өте сирек оқиға саналатын.



Талантты ұйымдастырушыны облыстық мәдениет басқармасы енді Краснознамен ауданына мәдениет саласын көтеруге жібереді. Бұл ауданда 7 жыл еңбек етіп, көп жетістіктерге қол жеткізеді. 1981-1988 жылдары жаңадан ашылған Теңіз ауданының мәдениет саласын басқарады.

Қиса Әбдірейұлының басшылығымен теңіздік өнер ұжымдары Қарағанды, Алматы қалаларында өз өнерлерін көрсетуге қол жеткізеді. Мәдениет саласының білгір маманы, әрі білікті ұйымдастырушысы болған Қиса Әбдірейұлын облыс басшылығы жаңа құрылған Сілеті ауданына, кейін негізінен орыс ұлтының өкілдері тұратын Алексеев ауданының мәдениет саласына басшылық етуді тапсырады. Алғыр азамат бұл міндеттерді де абыроймен атқарып шығады.

Ақмола, Қарағанды облыстарының мәдениет саласында 45 жылға жуық үзіліссіз жемісті еңбегі үкімет тарапынан жақсы бағасын алады. Үш рет Бүкілодақтық көркемөнерпаздар фестивалінің лауреаты атанады, үздік еңбегі үшін үш рет Москваға «Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне» (ауызекі тілде «ВДНХ» деп айтылады - авт.) жіберіледі. Бір рет халықаралық «Шабьт» фестиваліне қатысады. Мәдениет министрлігінің, облыстық, аудандық басшылықтың 40 астам мақтау грамоталарымен, дипломдарымен мадақталады. Бірнеше медальға ие болады. Республикалық «Кино жүйесінің үздігі» төсбелгісін иеленеді және «Мәдениет қайраткері» құрметті атағын алады. Бүгінде жұбайы Зура Жанбатырқызы екеуі 3 бала тәрбиелеп өсіріп, немерелерін қызықтаған бақытты ата мен әже.

ҚАРТТАРЫМ АМАН-САУ ЖҮРШІ

Қазақтың әрбір ауылында еліне адал қызмет еткен, түзу жолдан таймаған қадірлі қариялары болады. Табиғат заңына сай әрбір аға ұрпақ кейінгілеріне жол береді.

*Не біледі осы жұрт, не біледі?
Бабалардың баласы қариялар,
Сиреп бара жатқандай көрінеді-*

деп қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаев өмір заңын дәл көрсеткен ғой.

Қазіргі күні кеше мен бүгіннің арасын жібек арқаудай жалғап тұрған, Талапкер ауылының алтын дінгегі іспетгі Ісләм, Назымбек, Бауқан, Олжабай, Төкен, Зайым сияқты ақсақалдар арамызда жүр.

Жакудин Ісләм

Ісләм ақсақал 1927 жылы Талапкер ауылында дүниеге келген. Ауылда хат танып сауат ашады. Бұғанасы қатпаған жасөспірім кезінде барлығы қол еңбегіне негізделген ауыл тірлігіне араласады. Оң-солын енді таныған кезде соғыс басталады. Бозайғырдағы механизаторлық курсты бітіріп колхозда ұзақ жылдар тракторшы болып еңбек етеді. Алғашқы НАТИ, ДТ-54, МТЗ-5 тракторларды игереді. Ел игілігі үшін жасаған еңбегі бағаланып Ісләм ақсақал бірнеше ескерткіш медальдармен марапатталады. Зейнет демалысына шыққанға дейінгі барлық өмірі дамылсыз еңбекпен өтеді. Ісләм ақсақал жұбайы Қымбат екеуі дәм

тұздары жарасып, он бала өсіріп олардан он бес немере, бес шөбере көрген бақытты жандар.

Ауылы үшін 45 жыл еңбек еткен жан

Ол Қаменов Олжабай (Мұқмедия) ақсақал. Осы ауылда 1933 жылы Қамен мен Бөпеш есімді қарапайым еңбекқор жандардың отбасында дүниеге келеді. Балалық шағы сұрапыл соғыс кезіне тап келеді. Өз замандастары сияқты бала күнінен ең-



бекке араласады, оған алаңсыз, бақытты балалық шақты өткізуді тағдыр жазбапты. Өгіз айдап жер жыртады, шөп шабады, арбамен жүк те тасиды. Ақсақалдың еңбек жолын нақты айтсақ 49 жыл, 11 ай, 4 күн. Осы 49 жылдың 4 жылын әскер қатарында өткізеді, яғни Москва қаласын әуеден қорғайтын әскери құрамада қызмет етеді. Олжабай ақсақал 40 жыл табан аудармастан Талапкер ауылында жүргізуші болып еңбек етті. Ақмоладағы оқу комбинатында шоферлік курсты бітірген соң автомашина жүргізуді соғыс кезінен қалған «полуторкадан» бастады. Кейін ЗИС-5, ЗИС-150, ГАЗ-51, ГАЗ-52 сияқты жүк машиналарын жүргізеді. Автомашинаның әр тетігінің жұмысын, ақауын, «сырқатын» тамыршыдай дәл табатын, тез арада жөндейтін хас шеберге айналады. Ондаған жылдар бойы Талапкерде бірақ жүк машинасы болды. Ол Олжабай ақсақалдың тақымындағы

көлік еді. Ауылдың шаруашылық және ауыл адамдарының тұрмыстық қажеттерін, күн-түн демей, уақытпен санаспай атқарып отырды. Үлкеннен де, кішіден де алғыс арқалаған, елгезек әрі еңбекқор жан ауыл адамдарының ықылас-мейіріміне бөленді. Бүгінгі күнде жұбайы Сара екеуі немере-шөбере сүйген бақытты жандар. Олжабай ақсақал зейнет жасында болса да әлі ширақ, ауыл тірлігінің қайнаған ортасында жүреді, кейінгі жастарға ақыл-кеңесін айтып отырады.

Денутам ана



Темірбекова Зықыш 1914 жылы Талапкер өңірінде қарапайым шару отбасында дүниеге келеді. Ол кезде қыз балалардың оқуға баруы өте сирек кездесетін құбылыс болатын. Сондықтан Зықыш бойжеткен соң Әшен деген азматпен тұрмыс құрады. Ауылдастары ол кісіні «Әтақай» деп атайтын. Біз ес білген кезде Әшен ата ескіше аздаған сауаты бар, көкірек көзі ашық, халық арасындағы аңыз-жырларды, ғибратты сөздерді жақсы білетін, шежіре қарт болатын. Әсіресе қазақ жерін жаулаушы, қарақшы Ермакқа қарсы қайрат көрсеткен Сәтбек батыр туралы жырды жатқа айтатын еді. Бұл кісілердің Тілеулес, Рысты деген қыздары болғанымен қазақы дәстүрмен інісі Ахмедияның Дулат деген баласын бауырына салады. Дулат кейін сол кезде сирек кездесетін

мамандық бойынша, яғни темір жол милициясында «инспектор-кинолог» (итпен із кесуші) болып еңбек етті.

Зықыш апа өмір бойы колхоздың малын бағып, сауыншы болып жұмыс істеді. Кеңес заманында мемлекет үшін аянбай еңбек еткен адамды жақсы бағалайтын. Апаны коммунистік партия қатарына қабылдайды. 60-шы жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайлайды. Алматыға депутат ретінде сессияға барарда облыстық партия комитетінен арнайы машина жіберіп алдырып астанаға шығарып салып қайтарында қарсы алып ауылға жеткізіп салатын. Сол кезде дүкендерде тұрмайтын қат товарларды облыс басшылығы апаға және оның отбасы мүшелеріне сыйлыққа беретін. Зықыш апа көп жылғы адал еңбегінің рахатын көріп, немере шөберелерінің алдында өмірден озды.

Нағашы атасы Әшенге тартты ма екен кім білсін, Хасенова Тазагүл деген немересі негізгі қызметінен басқа Ақмола қаласында ақындық қырымен таныла бастады. Республикалық газет-журналдарда, теледидарда қызмет ете жүріп ақын қыздың алғашқы өлең топтамалары 90 жылдардан бастап жарық көре бастады. Елімізге танымал ақынның бірі Нұрғожа Оразов Тазагүлдің алғашқы өлеңдер топтамасына ақжол тілей отырып «Сарыарқа» журналында: «Тазагүлдің тәй-тәй басқан алғашқы жырларын оқып отырып тәуба деуге тура келеді ... Поэзия теңізіне тағы да бір кішкене қайық өз желкенін көтеріп шықты», - деп жазды.



Назымбек Балабайұлы 1930 жылы сол кездегі Қарағанды облысы Қорғалжын ауданы «Алакөл» ауылдық кеңесінің «Көркем» колхозында дүние есігін ашады. Әкесі Жолдасбек отбасымен 1937 жылы «Талапкер» ауылына қоныс аударады. Назымбек Балабайұлы ауыл мектебінде білім алып еңбекке ерте араласады. Ұлы Отан соғысының қиын жылдарында ересектерден қалмай колхоздың талай ауыр жұмыстарын атқарады. Әкеден балаға байлық қалмаса да, ақылдылыққа, қажыр-қайратқа, адал еңбек етуге үйреткен өсиеті өнеге болды. 1950 жылы талапкерлік Үміт Әбдірахманқызына үйленіп отбасын құрады. Жұбайы Үміт Талапкердегі көп ағайынды, зиялылар отбасынан болатын. Атасы Есенбайдан төрт бала тараған. Есеттен-Қиссам, Рақым, Қасым; Дөшеттен - Құсайын; Жәшеттен-Рәбиға; Әбдірахманнан Үміт. Рәбиға апасы Ақмола базарында ет сапасын, тазалығын тексеруші болса, Құсайын ағасы Жәмәлиде («Воздвиженка») мұғалім болды. Ал Есенбаев Қиссам Ақмола педагогикалық училищесінде оқытушы, директор болады. Ол кісі өнерге жақын әрі ақынжанды адам болады. Әскерге аттанар алдында шығарған, 20 шумақтан тұратын «Есіл-өзен» әнін ауылдың үлкендері көп жылдар бойы айтып жүрді. Қазіргі күнде сексенді алқымдаған Үміт апаның есінде қалған кейбір өлең жолдары төмендегідей:

*Есіл өзен - Қараөткелдің қаласы
Таныс жердің сайы менен саласы
Туған қала, өскен жерім қош сау бол
Шақырады мені алыстың даласы
23 жыл бұрын мен келіпін дүниеге
Ақмола-Қараөткелдің жерінде
Сан соқпақты ізім қалды жарқырап
Талапкердей туып өскен жерімде*

Үйленгеннен кейін келесі жылы Назаға отан алдындағы борышын өтеуге аттанып, 4 жыл солдаттық өмірдің қиындығы мен қызығын танып біледі. Әскерден оралған соң, ауыл тірлігіне қайта араласып, еңбектен қол үзбей жүріп сырттай оқып бухгалтерлік курсты, одан соң Петропавл қаласындағы зооветтехникумды бітіріп, алдымен есепші, кейін еңбек сүйгіштігі мен іскерлігі арқасында бөлімше меңгерушісі болып еңбек етеді. «Талапкер» ауылын 1960-1975 жылдары басқарғанда елді мекеннің өсіп-өркендеуіне, ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуда елеулі еңбек сіңіріп көпшілік құрметіне бөленеді. Ақмола өңірінің сыйлы азаматтарының біріне айналды. Кезінде Целиноград облыстық атқару комитетінің төрағасы, Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Қасым Тәукенов өзінің естелігінде Назымбек Балабайұлының халық үшін жасаған қажырлы еңбегін ілтипатпен еске алады. Ел нарықты қатынастарға өткенде Назымбек Балабайұлы да жеке шаруа қожалығын құрып, балаларын жаңа өмірге сай еңбек етуге үйретті. Өмірден өз орнын адал еңбекпен таба білген Назымбек

Балабайұлы мен жұбайы Үміт Әбдірахманқызы екеуі 14 ұл мен қыз тәрбиелеп өсірген үлгілі жанұя иелері.

Ел ағасы Мәлғаздаров Сабыр



Мәлғаздар баласы Сабыр ақсақал алғашқы колхоз ұйымдастырушылардың бірінің отбасында 1945 жылы Талапкер ауылында дүниеге келген. Ауылдың жеті жылдық мектебін тәмәмдаған соң Бозайғырдағы (Елизаветенка) механизаторлар даярлайтын мектепте оқып тракторшы мамандығын игеріп ауылда еңбек етеді. Жұмыс істей жүріп қыста ауылшаруашылығы жұмыстары саябырсыған уақытта қалада шоферлік курсты оқып бітіреді. Үш жыл әскери борышын өтеп елге оралаған соң 1967-1970 жылдары ауылда жүргізуші болады. Жұмыстан қол үзбей жүріп Новоишимкадағы зооветтехникумда сырттай оқып мамандық алады. 1971-1975 жылдары бөлімшенің зоотехнигі болып еңбек етеді. Ал 1975 жылдың сәуір айынан бастап «Киров» атындағы кеңшардың №3 Талапкер бөлім-

шесінің меңгерушісі болып үзіліссіз 22 жыл бойы абыроймен қызмет атқарады. Ұзақ жылғы ел игілігіне еткен еңбегі үш медалмен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен айқындалды.

Жұбайы Рәйлә Шәріпқызы ұзақ жыл ауылда мұғалім, мектеп директоры болып еңбек етті. Екеуі 2 қыз, 3 ұл тәрбиелеп өсірді. Бәрі жоғары білім алып өмірде өз орындарын тапты. Үлкен қызы Қарлығаш медицина саласынан кандидаттық диссертация қорғап ғылыми-зерттеу институтында еңбек етуде. Айнашы-мектеп ұстазы. Үлкен ұлы Қадыр Астанада Сарыарқа аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары. Қайыры кәсіпкерлікпен айналысса, Қайраты қалалық су арнасында механик болып еңбек етуде.

ҚАЗІРГІ ТАЛАПКЕР

Бұрынғы Ақмоланың елордасы дәрежесіне ие болуы оның іргесінде, 13 шақырым жерде орналасқан Талапкер ауылына көп өзгеріс енгізді. 80-шы аяғы мен 90-шы жылдары Талапкер ауылының әжелері мен қыз-келіншектері аудан, облыс көлемінде ұлттық дәстүрлерді, ойын-сауықтарды жаңғыртуда белсенділік көрсетті. Облыстық теледидар, облыстық «Коммунизм нұры» және аудандық газет беттерінде Айтжан, Қымбат, Сара, Күлпаш, Мәрукаш т.б. әжелердің бейнелері мен есімдері жиі көрінетін болды. 90-шы жылдардың басында клуб меңгерушісі Баймқұнова Асылтас пен кітапханашы Әбеева (Саманбетова) Күміс бастама көтеріп «Ақ әжелер клубын» ұйымдастырып аудан, облыс көлемінде өтілетін кеңестік кезеңде ұмытыла бастаған ұлттық салт-дәстүрді жандандыруға, насихаттауға арналған барлық іс-шараларға белсене атсалысады. Талапкерлік әжелер ансамблі Ақмола облысында алғаш рет өткізілген Наурыз мейрамына белсене қатысып өз өнерлерін көрсетті. Осы ігілікті іске жанашырлық танытып, ұйымдастыруға кеңшардың кәсіподақ ұйымының төрағасы Әлдеш Бәйімбетов, бөлімше меңгерушісі Сабыр Мәлғаздаров көп еңбек сіңіреді.

Аудан көлемінде Наурыз мейрамы осы талапкерлік аналардың қатысуынсыз өтпейтін. Целиноград ауданының «Оразақ» ауылына арнайы келген Елбасы Н.Ә. Назарбаевты және Ақмолаға жолы түскен белгілі дінтанушы ғалым Халифа Алтайды осы әжелер қазақтың салт-дәстүрімен, ән-жырымен лайықты қарсы алған еді.



Әжелер клубы Ақмолада облыстық деңгейде ұйымдас-
тырылатын «Қымызмұрындық» мейрамын жоғары деңгей-
де өткізуге үлкен демеу болды. Бір айтып өтерлік жәйт,
қазақтың ұмыт болған осы жазғы мейрамын Қазақстан
бойынша тұңғыш рет ұйымдастырған көршілес «Буден-
ный» (Құрама) ауылының тумасы Мұрат Керейбаев еді.



Ұлттық салт-дәстүрдің білгірі және жанашыры, өнерпаз-ұстаз, жазушы М. Керейбаев ақмолалықтарға атақты жерлесі Қажымұқан туралы екі кітап, «Қымызмұрындық», «Астанадағы қымыз тойлары», «Қымыз және Қымызмұрындық» сияқты кітаптарын қалдырды.

Талапкер ауылының тәуелсіздік кезіндегі дамуын, ауыл еңбеккерлерінің жаңа өмірге бейімделу үдерісін бұрынғы бөлімше меңгерушісі Сабыр Мәлғаздаров ақсақал былай деп еске алады:

«1997 жылы совхоз тарап, ТОО «Талапкер» болғанда көп еңбек сіңірген жастар: бригадир Қазбеков Рамазан, Дүбірбаев Ләззат, Мукашев Бауыржан, зоотехник Мәлғаздаров Қайыр, механик Жанпейсов Серік, наладчик Ахметжанов Нияз, слесарь болып Жағыпаров Сәкен механизатор, Мукушев Хамит, Ускембаев Нәсіп, сварщик Абишев Қуантай, қойма басқарушысы Ахитов Жасұлан. Сол кезде есеп-қисапқа көп көмектескен бухгалтер - Баймуханова Асылтас, жұмыскерлер - Жағыпаров Кенжебай, сауыншылар Үскенбаев Бахыт, Исакова Сактай, электрик Абдрахманов Нұрлан, Малшылар: Көпжасаров Тойкен, Ескендіров Өміржан, Накупов Қозы бергін келгенше істеді. Қазірге дейін ауылдың ыстық-суығына бірге күйіп жүрміз. 1997 жылдан күні бүгінге дейін «Талапкер» ЖШС-ның төрағасы болып еңбек етудемін. «Елге ел қосылса-құт», дегендей, ауылмыз күн санап өсіп келеді, қазір 4-4,5 мыңдай халқы бар ауылға айналдық. Адам айтса нанғысыз болған ауылдың тұрмысы одан сайын жақсаратынына сенімім мол».

Ауыл халқының саны күрт өсті. Бұрынғы Талапкерде 120 ғана шаңырақ болса, қазір үй саны 850-ден асады. Күре

жолдың бойында, қалаға жақын, орналасқан жері тұрмысқа өте қолайлы мекен болғандықтан ауылға республикамыздың барлық өңірлерінен қоныс аударушылар келуде. Әсіресе Ақмола облысымен іргелес Торғай өңірінен көшіп келушілер өте көп. 2003 жылдан бастап үй тұрғызуға жер телімдерін сатуға рұқсат беру қоныстанушылар санын күрт өсірді. Қазір ауыл әкімдігінің мәліметтеріне қарағанда ресми түрде тіркелген 3800 жан болса, есепте тұрмағандарды қосқанда 4500 адамға жетеді. 2002 жылы С.М. Киров атындағы әкімдіктен бөлініп, жеке Талапкер селолық округ әкімдігі аппараты құрылып, 5 адамнан тұратын штаты қалыптасты. Алғашқы әкімдік қызметті Бижетаев Естай Тасболатұлы атқарса, қазір бұл қызметті Исабекова Әлия Сейілқызы атқаруда.

Қоғамдық, халықтың тұрмыстық, шаруашылық қажеттерін өтейтін объектілер де ауылда бой көтеруде. Қазіргі заманның үлгісіне сай екі-үш қабатты ондаған коттеждер салынды. 2009 жылы ауыл мешіті ашылды, шашта-разы үйі, 20 астам шағын дүкендер, бір кафе, автомашинаға жанар-жағар май құятын 2 станция жұмыс істейді. Сонымен қатар бірнеше кафе, мейрамханалар, автомашина жөндейтін станциялар құрылыстары жүргізілуде. Бірнеше жаңа көшелер салынып, саны 25-ке жетті. Сол көшелердің біріне Молдахмет Досаевтың есімі берілді. Бұрын ауыл дүкені болған ғимаратқа Ақмола облысына танымал, ел ағасы болған осы азаматтың есімі жазылған ескерткіш тақта орнатылды. Ауылдан қалаға тұрақты қатынайтын №45 және № 122 автобус маршруттары ашылды. Бұл әсіресе қалаға қатынап жұмыс істейтін және түрлі оқу орындарында оқитын оқушылар мен талапкерлік

студенттерге үлкен көмек болды. Биылғы күзден бастап 900 орындық мектеп құрылысының жұмысы басталады.

Жаңа Талапкердің тарихы енді басталды. Жаңа өмірге сай өзгерген, болашағы зор, даму үстіндегі жаңа Талапкердің шежіресі болашақта өткенінен де қызықты әрі қомақты етіп жазылатыны сөзсіз.

ҚОСЫМШАЛАР

ТАЛАПКЕР АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Бұрынғы Талапкер бойынша)

ЕСКІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ:

Уызбаев Қайыржан - (Төкен мен Серікжанның әкесі)

Ержанов Әбдірай – Сара, балалары - Толысбай, Рысбай,
Иса, Рысалды

Бекжанов Ахметжан - Әнипа, баласы - Әрмия, Аяз
Ахметжанов Әрмия-Хадиша, балалары - Рамазан, Талғат,
Қуаныш, Құлатай, Гүлжауһар, Сайран, Майра,
Қуаныш.

Ахметжанов Аяз - Сара, балалары - Майра, Салтанат

Алдабеков Дүйсенбек-Салиха, баласы - Қордабай
Қордабай - Қаратай, баласы - Жұмабике

Құдабаев Түсен-Сәлима, балалары - Рәшид, Уахит, Сәуле,
Зәуре, Серік. Жәмет-Күлбағила, баласы - Шакира

Құрманов Құдабай-Алтын, балалары - Күлбағила, Жүсіп
(Түсен)

Құрманов Жұмабек-Нағи, баласы - Қасен

Құрманов Дүйсенбек-Зағипа, баласы - Есілбай

Омаров Әбдікәрім-Аманкүл

Досжанов Шымырбай-Бәтима, балалары - Жолдыбай, Күлаш,
Жамал

*Дәуленов Қияш-Дәмелі, балалары - Егінбай, Игенбай, келіні
Тәслима*

*Баймағанбетов Сәрсекей-Рәбиға, баласы - Жанғабыл келіні
Райхан.*

*Мансұр, балалары - Жомарт, Сәлима, Сәбира ...
Мансұрдың інісі Болат*

*Рахымшәріп-Бәди, балалары - Жылқыбай, Бопылтай
Рақымшәріптің інісі Әукіш-жұбайлары Нұкай, Ағайша,
балалары - Сайлау, Мәкітай*

Көшпесов Рахымберлі-Кенже, қызы Күндей

Абдрахманов Пушан-Күлшат

Мұқмаеджан-Мінуара, Қатай

*Жылқыбай-Қымбат, балалары-Салтанат, Мұрат, Зият, Болат,
Бекзат*

Дүйсенбаев Мұхаметәлі-Ақтамақ, балалары - Үміт, Айтжан

Мұхметәлиев Айтжан, балалары - Аманат, Нәсіп, Күләш

Күлмешов Сәуірбай-Қамар, баласы - Әбен, Шәріп

*Жұмадилдин Оразкелді-Бәкен, балалары - Ерден, Берген,
Абай, Жамбыл*

*Қалыпбаев Жақсыбай-Дәмежан, баласы Оразбай, оның
балалары - Дәркембай, Гауһар, Күләш, Ырымбек,
Оралтай, Дәулет, Рысжамал, Нұржамал*

*Мұхаметжанов Жәнікей-Күлбағила, балалары - Әмина,
Екпін, Серік.*

Жолдасбеков Назымбек-Үміт, балалары - Қабылда,
Қабылқан, Әділхан, Бақтияр, Галя, Кенжегүл,
Сәлия, Сәлима, Нұрлыгүл, Әлия, Жарылқасын

Құлмағанбетов Ақан-Жәмилә, балалары - Қуаныш,
Мұқтар, Тоқтар, Гүлбаршын
Ақанның інісі-Құлмағанбетов Бекен соғыста қаза тапты
Ақанның інісі Қошқар-Рая, баласы - Жамбыл

Әбдірей-Назым

Түсіп-Қапиза, балалары - Бәтеш, Серік, Сейілхан

Ахметжанов Кәрімжан, інілері Кәрбай, Әлім, Сәлім
Кәрімжан-Салиха, балалары - Барлыбай....

Дәулетбек-Нескен, балалары - Нұрилла, Миаш

Рақымбек-Әмина, балалары - Ақлима, Тәслима, Тілеулес

Мұхаметқали-Клара, балалары - Төлепберген, Құдайберген,
Тоты, Ботагөз

Сәкеев Әбей, баласы - Асылтас, Алпысбай
Алпысбай-жұбайлары-Зүпа, Әлиман, балалары —
Сейіт-қамзе, Сейітқали, Сара

Жанпейісов Төребай-Нәзипа, балалары - Серік, Мағаз,
Қамзе, Данияр, Қаппас, Жанайдар, Бекайдар,
Раушан

Далиев Қаби-Ермек, балалары - Серік, Серікбай, Қадырхан

Тәйләш-Камал, балалары - Қалдыбай, Серғали

Әітов Кәлу-Шайынжамал

Жағыпар-Дәмеш, балалары - Күлшат, Бәтжан, Тұрсын
Жағыпардың інісі-Нұрғали

ЖАҢА АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ:

Қожабеков Сарықожа-Бәкетай, баласы - Сатыбалды,
әскерде қайтыс болды

Інісі Әлім әйелі Күлән, балалары - Ілияс, Әннас, Нәзира

Шұлғабаев Оразақ-Елеу, балалары - Күлшат, Күлшәйлә

Тапал-Рәбиға – балалары - Асқар, Төлеу, Бәкиза, Бөлеген

Жетпіс-Мүслима, қызы Сақып, Жамал, Рекеш, Салиха,
Рысалды

Дүйсенбин Әшімхан-жұбайлары-Күлсім, Жәпіш, баласы -
Кәркен

Айжарқын - балалары-Рыскеш, Салиха, Рысалды

Сукебаев Әужан-Бәтима, қызы Жұпар, Шәмей, Хадиша,
Роза

Сукебаев Әлжан-Күлзейнеп, Жақан, Жүкен, Күлшат
Жақан-Қауа, балалары - Адаш, Асыл, Тілеулес, Бәтима

Жұмагүл-Күлшара, баласы - Қабылқайыр.

Қабылқайыр-Әсима, балалары - Қасен, Мейрам,
Ықсан, Ақжан, Мәлике, Рауза

Әбішев Қамән жұбайлары-Бөпеш, Күнтай, баласы Олжабай
Олжабай-Сара, балалары - Айдархан, Рашида,
Мәрия, Күлжаухар, Мұхтар, Тоқтар

Әбішев Жакуда-Балкен, балалары - Ісләм, Қайыркелді,
Қайролла, Сабыр

Жакудин Ислам-Қымбат, балалары - Талғат, Сәмет, Ләззәт,
Болат, Нұрлан

Әбішев Әшім-Шабахай

Жолдыбай-Дәметер, балалары - Мәдина, Төлеген, Қайрат,
Болат

Биболат-Әсия, балалары - Сипат, Күлпан, Айтбай, Шолпан

Рахымжанов Есілбай-Кәмила, балалары - Алданыш,
Күлдарай

Байжанов Дүбірбай, балалары - Бәдіғұл, Төлеухан
Төлеухан-Күлжиан, балалары - Қайрат, Болат,
Ләзәт, Шәкен, Назымбек, Амангелді, Босман

Сәменбетов Тұқи-Балшекер, баласы - Назым

Сәкен-Назым, балалары - Құдайберген, Жаулан, Нұрлан,
Жанар

Сәменбетов Қайырбек-Бәтен, Естай, Ермек

Сәменбетов Елубай-Айша, балалары - Әділхан, Рауза, Күміс,
Жаңыл

Сәменбетов Аманжол-Алтынай, балалары - Төкен,
Күлшира, Жібек, Алдабек (Әлдеш)

Бәйменов Қали-Серікжан, балалары - Хамит, Уәлихан,
Шалабай, Уалихан-Жібек, балалары - Сағыныш,
Жұмабике, Дәметкен, Мәди, Мәдина, Әмина, Әли

Қабылгантар-Сақыш (мұғалімдер), балалары - Алди,
Жолди

Нұржанов Қабдуали-Әгүлшін, балалары - Несібелді,
Айтжан, Несібелді, балалары - Мұрат, Қуат, Айсұлу, Жібек

Кеңесбай-Айтжан, балалары - Мағаз, Ғазез, Ғазиза, Ғалия

Әкпаш-Нүрилә, балалары - Нағима, Серік, Серікбай

Қалыпбаев, балалары - Серден, Аман, Айтмұқан, келіні-
Дарига

Елсин Алтай-Қатша, балалары - Сақып, Жамал, Сұлтан,
Төлеубай

Иманкин Төлеубай-Қапиза, балалары - Бәтима, Бәтеш, Серік

Көшекөв Ахметжан-Дәмежан, балалары - Кәртай, Әлім,
Сәлім, Кәрібай, Сәтен

Жүзбаев Төлеген-Күләйша, балалары - Зайым, Тілеулес

Дүйсенбин Күлшәріп-Мәнжан, Имантай, Майда, Шәйлә
Имантай-Күлбағдан, балалары - Сағынбай, Сәуле

Мешел Теке, баласы - Шәйла

Әбуталипов Төлеген (Дөде)-Қамар, баласы - Айтқожа
келіні Жұмабике, олардың балалары - Серік,
Берік

Кәріпбаев Біләл-Бибігүл, балалары - Темірхан, Райхан,
Орал, Орынбасар

Ахметов Алпыс, жұбайлары-Кәмал, Өрік, балалары -
Сағадат, Мереке, Асхат, Төкен

Жұмабаев Жақия-Әлпеш, балалары - Сағила, Бағила, Шұға

Зүнар-Сара, қызы-Әшкен

Сағындық-Мүслима, баласы - Жеңіс
Жеңіс-Тиышбала, балалары - Мұрат, Марат

Алдабеков Алпысбек-Мәмила, балалары - Махмет, Ахмет,
Шөкім, Баяхмет

- Көшекөв* Саябай-Тайтөле, балалары - Шарап, Дарап
- Ақан-Мәрия*, балалары - Бәтен, Бақыт, күйеу балалары -
Жомарт, Сәкен
- Жұмабаев* Қанапия-Күлзейнеп, балалары - Камал, Сағындық,
Сағындық-Майнұр
- Шортанов* Махмет-жұбайлары-Жамал, Бижан, балалары -
Сәден, Қамидолла
- Дүйсенов* Зікірия-Күлшім, балалары - Ибраһим, Кенжетай,
Кенжеғали, Рахима, Сәлима
- Дүйсенов* Жахия-Бәтима, балалары: Сейітжан, Сейітқали
Сейітжан-Орынбасар
Сейітқали-Алтын, балалары - Жанат, Жанар,
Сәуле, Кәмшат, Ардақ
- Қисық-Шәкен*, балалары - Қазақбай, Зәуре,
Әлдауын-Зәуре
- Темірбеков* Әшен-Зықыш, балалары - Тілеулес, Рысты
Темірбеков Ахмедия-Майшекер, балалары - Дулат, Базар,
Базаркелді
- Қанапия-Жәміш*, баласы – Ыбырай; Ыбырайдың баласы -
Қазбек
- Тезекбаев* Қапыш-Дәметай, балалары - Сақа
- Мәлғаздар-Бану*, балалары - Елемес, Естай, Сабыр,
- Ескеев* Сәлмен-ұрпақ жоқ
- Саржанов* Әлсен-Бикен, балалары - Несібелді, Бәтәй,
Амангелді
- Саржанов* Қоспақ

*Әлсенов Амантай-Дәмет, баласы - Азамат
Азамат-Сәлия, балалары - Айтбала, Гуля*

*Әлсенов Төлеу-Гүлжауһар, балалары - Саяхат, Еркебұлан,
Жанболат*

*Сейтмағанбетов Әлмұқан (Әптә)-Назкен, балалары - Тотай,
Ботай, Тотай-Ақлима, балалары - Азамат, Талғат, Қанат*

*Сейтмағанбетов Ботай-Гүлсара, балалары - Әділет, Қуандық,
Айнамкөз, Алтынгүл*

*Ермекбаев Аязбек-Әлима, балалары - Рыскен, Бәтима,
Дәулет*

Нүркей-Қажар, балалары - Төкен, Серік, Рысты, Әбу

Нүркеев Төкен-Торғай, балалары - Қайырбек, Марат, Әсем

*Нүркеев Серік-Бәкен, балалары - Жанар, Жанғабыл, Жұлдыз,
Ербол*

Нүркеев Әбу-Зипагүл, балалары - Меруерт, Жазира

*Кұлбарам, балалары - Жасұлан, Бақыт, Қарлығаш, Алмагүл,
Ерлан*

*Нүрсейіт-Қайныш, балалары - Мұхиден, Бекболат,
Айтбала, Ақбала, Күлсағила, Күләш, Кенже ...*

Имантай-Күлбағдан, балалары - Сағынбай ...

Бауқан-Мәруан, балалары - Сайран, Рамазан ...

*Байсанов Темірке-Марфуға, балалары - Тұятай, Бақыт,
Бақытжамал*

Байсанов Мейрам

Жолдыбаев Әкпаш-Нүрилә, балалары: Серік, Нағима,
Сагила, Серікбай

Ахмедия-Мәнзура, балалары мен келіндері: Аманжол-
Қарашаш, Қуаныш-Орынтай

Мұхметқали молда, балалары - Баян, Қожа

Алтысбеков Шөкім-Күлшат, балалары - Қажай, Рауза,
Хамит, Сәбит, Кәуашит

Еркін-Күлпаш, балалары - Сәбит, Мұрат, Талғат

Тезекбаев Қапыш-Дәметкен, баласы - Сақа

Жағытаров Ахат-Рауза

Әбеев Жақсылық-Ажар, баласы - Хасен-келіні Күміс,
немерелері-Сағынбала, Сайлау, Құрмаш

Қазбеков Елубай-Рысжан, балалары - Жұматай, Рамазан,
Бейсек (Сабырден), Абылайхан, Айдархан, Асылхан,
Нүргүл, Рамазар-Шәмшия, балалары - Шәки,
Айбек, Асылхан-Бағат, балалары-Гауһар, Ахмади

Кәрібай-Сұлушаш, балалары - Болат, Жомарт, Мұрат, Ғалия,
Марат, Аманай, Есенай, Қайрат, Мұңлық, Зарлық,
Арман

Өміржан-Қырмызы, балалары - Қайрат...

Хасенов Қойшыбай-Райхан Бағау-Орынбасар

Еркін-Күлпаш, балалары - Мұрат, Талғат, Марат

Шотан-Күлшат, балалары - Асылтас, Серікбай, Қарашаш

Әбжан-Сара, балалары - Атақоныс, Жаңабай
неміс тілі пәнінің мұғалімі Марина...

Мұстақым-Тілеулес, мұғалімдер

Тойшыбеков Серікбек-Мәкен, балалары - Қанат, Талғат...

Усин Сейілбек, балалары - Мұхтар...

Нұрқанғали-Марукаш, балалары...

Мыңжасар-Күлзейнеп, балалары - Күлкен, Балтабай

Нұрмағанбет-Шемен, қызы Орынбасар

Досжанов Жұрқабай-Бибіш, баласы - Камал

Жомарт, баласы – Бейсек

II

колхоз Талапкер
с/с Агайдарек

с. Актөве
р-н Акмолинск.

Годовой отчет за 1939 г

Год организации колхоза 1929 г.

до райцентра расстояние - 20 км.

Ближайшая жел. дорога - Акмолинск-Карталы

Позайгарская МТС обслуживает

По списку числится 194 двора

В 1939 г. в колхоз вступило 2 семьи, выбыло 4 семьи

В них наличного населения 390 чел.

Наличие трудоспособных 177

Наличие подростков от 12 до 16 лет 42

на службе 1

Число дворов в колхозе, подлежащих сселению в поселок 10

Фактически сселено дворов 89

Начислено трудодней колхозникам и трактористам

в полеводстве - 15371

в луговодстве - 8788

в овоцеводстве и бахчеводстве - 438

в растениеводстве - 25125

По уходу за рабочим скотом - 3930

в товарных фермах - 9375 и прочие

Всего начислено 49827 трудодней

Полеводческие бригады - 2, общая площадь в бригадах - 1206 га

Животноводческие бригады - 3.

Выполнение плана и доходы колхоза от полеводства за 1939 г.

Название культур	План посева (га)	Фактически посева	Фактически убрано	Убор с одного га	Валовой сбор
Пшеница яровая	737	797	797	3,13	2494,61
Ячмень яровой	40	40	40	2,25	90
Овес	100	127	127	3,76	476
Просо	130	130	130	1,33	330
Всего зерновых и бобовых	1117	1144	1144	-	3390,61
Подсолнух	50	50	15	0,27	4
Картофель	7	7	7	10,71	75
Бахчевые	3	5	5	5	25
Прочие овощные	2	5	-	-	-

ф. 466, оп. 2, ед. хр. 3, л. 163-174.

1. Постановления Аким-го райисполкома от 10.06.1930 г.
... На 1930 г. утвердить список красных уголков в
следующих советах и колхозах;

...4. Талаккер.

7. Председатели с/советов и колхозов вышеперечисленных
немедленно сделать перечисления на счет райпотребсоюза по
400 руб. за радиоприемник и наряду с этим дать заявку на
музыкальные инструменты и литературу...

ф.141, оп.1, д.19, л.276

2. Характеристика. Кроме этого имеется телеграмма в
Петропавловск Аким-го райкома партии
от 7 сентября 1930 г.

Командируемой на Юбилейную сессию КазФронта и краевой слет
колхозников-ударников т.Веймбетова Шийшем (колхозница к-за
Талаккер Агайдарского п/с, Аким.р-на. Состоит членом колхоза
с 1929 г. с начала его организации, б/партийная, все время
работает на производстве колхоза, систематически качественно
и количественно перевыполняла порученные ей работы. С 1934 г.
ноября месяца работает дояркой при МТФ, нагрузка была 16 голов,
ежедневная норма 65 литров, выполняла план ежедневно 78 литров
или 123%. Она сумела сохранить поголовье молодняка путем
применения хорошего ухода. В связи с 15-летием Каз.ССР выдвинута
на высшую награду.

Пред. Аким.РайК

Джунусов

ф.141, оп.1, д.20, л.306



«Оразақ» аулында Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен
талапкерліктердің кездесу сәті



Қали



Қамен



Жақсылық



Тұқи



Әлсен



Оразбай, Аязбек, Зықыш



Бәтима - Жахия



Имантай



....



Балшекер



Ауыл ақсақалдары




Оразкелді



Тыңгерлермен бірге



Сағындық



*Іслам бауырластар
зиратында*



60 – шы жылдардағы ауыл адамдары



70-ші жылдагы ауыл адамдары



Наурыз мейрамында



Ауыл адамдары



Ауыл адамдары



Егіс бригадасында



50-ші жылдардын аяғындағы мектеп оқушылары



1964 жылғы мектеп оқушылары



Ауыл ақсақалдары 2011 ж.



80 жылдардагы ауыл адамдары



2009 жылы ашылған ауыл мешіті



Талапкердің 50 жылдық тойында



Ардагерлерді ардақтау



Дүйсен Сейітқали Жахияұлы Талапкер ауылының тумасы. Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері. Педагогика ғылымдарының кандидаты. Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі. Білім және ғылым қызметкерлері 2-ші съезінің делегаты. Б. Алтынсарин атындағы медальдің иегері. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі. Ұстаздық еңбегі туралы мәлімет «Қалдырар ізің мәңгілік» атты республикадағы үздік мұғалімдер туралы тұңғыш очерктер жинағына енгізілген. Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен үш мәрте марапатталған.

**Дүйсен Сейітқали Жахияұлы
Мәлғаздаров Сабыр Мәлғаздарұлы**

**ТАЛАПҚЕР АУЫЛЫ:
КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН**

Тарихи-танымдық дерек

Компьютерде терген Ж.С. Дюсенова
Шығаруға жауапты: Н.Б. Снаговская

Басуға қол қойылған күні 09.06.2011 ж.
Пішімі 60x84/16 №1 типогр. қағазы
Баспа табағы 6,8 Шартты баспа табағы 6,3 Есептік баспа табағы 5,5
Таралымы 150 Тапсырыс 19

Ақмола ғылыми-техникалық ақпарат орталығында
дайын материалдан басылды:
010008, Астана қаласы, Пушкина көшесі, 15

